

ОБМЕН

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

T 0106376

ҚАЗАҚ
ПУНКТУАЦИЯСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

АЛМАТЫ — 1961

1/336

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Тіл білімі институты

Т 0106376

ПРОВЕРЕНО
2008 г.

ҚАЗАҚ
ПУНКТУАЦИЯСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА
КФУ



0001125530

АКДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСПАСЫ

АЛМАТЫ — 1961

Бұл кітапшада қазақ тілінде тыныс белгілерінің қойылу орындарына жеке-жеке ықшам ережелер беріледі. Мұнда тыныс белгілерін көп жылдан бері қолданып келе жатқан тәжірибеміз бен тыныс белгілері жайында оқулықтарда, жеке еңбектерде бұрынды-сонды айтылған құнды пікірлер ескеріліп қорытылды. Қазақ пунктуациясы саласында әлі де пікір алысатын жайлардың бар екені ескеріліп, тыныс белгісінің бұл ережелері жоба ретінде ұсынылып отыр.

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР:

Р. СЫЗДЫҚОВА, Қ. НЕТАЛИЕВА.

РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН:

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕСІ, ПРОФ. М. БАЛАҚАЕВ



АЛҒЫ СӨЗ

Пунктуация — жазуда қолданылатын тыныс белгілері жөніндегі ережелер. Тыныс белгілерінің жұмсалуды, емле ережелері сияқты, көпке ортақ болады. Сондықтан кімде-кім болсын жазу практикасында белгілі бір заңдылықтарға негізделіп жасалған, дұрыс деп табылып, бекітілген тиянақты пунктуация ережелеріне сүйенуі қажет. Орфография ережелері тәрізді, тыныс белгілері ережелерін де бұлжытпай берік қолдану — жазу мәдениетінің міндетті шарттарының бірі болып саналады.

Қазақ тілі пунктуациясы мәселелері мектеп оқулықтары¹ мен жеке еңбектерде² бірқатар

¹ М. Балақаев. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. 1949; С. Аманжолов, А. Әбілқасымов, И. Ұйықбаев, Қазақ тілі грамматикасы, Синтаксис, 1958.

² С. Жиенбаев. Тыныс белгісі, 1940; А. Ысқақов пен Ә. Хасенов. Тыныс белгілері, 1951; Ф. Мұсабекова, Жай сөйлемнің тыныс белгілері, 1959; Р. Сыздықова. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш, Алматы, 1960.

уақыттан бері айтылып келеді. Қазақ жазуында тыныс белгілерін пайдаланудың басты-басты ережелерінің негізі қаланып, көпшілігі қалыптасып кетті. Дегенмен тыныс белгілері жүйесінде қазақ тілі синтаксистік құрылымының заңдылықтарына сәйкес шешетін, әлі де қырнай, бір ізге түсіретін бір алуан мәселелер бар. Сондай-ақ мектеп программасына орай оқулықтарда мүлде қамтылмай қағыс келе жатқан немесе шағын түрде ғана айтылып келе жатқан біраз пунктуациялық жайлар бар. Мысалы, тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы, драмалық шығармалардың тыныс белгілері т. б. оқулықтарда мүлде айтылмайтын болса, бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатын орындар, оңашаланған мүшелердің сөйлем ішінде тыныс белгісімен ажыратылуы сияқты мәселелер түгел, терең қамтылмайды. Осы сипаттас мәселелердің сырын ашып, оларға пунктуациялық ереже айту бүгінгі жазу мәдениетіміз талап етіп тұрған тығыз міндеттердің бірі болып отыр. Оның үстіне күні бүгінге дейін белгілі бір жүйеге салынып, көпшілікке ұсынылған қазақ пунктуациясы ережелерінің жеке жинағы жоқ.

Сондықтан жалғыз мектептегі оқу-жазу тәжірибесі ғана емес, жалпы жазу тәжірибеміздің қажетін мүмкіндігінше түгел қамтыған пунктуация ережелерін жоба ретінде ұсынып отырмыз. Мұнда тыныс белгілерін көп жылдан бері қолдану тәжірибелеріміз бен қазақ пунктуациясы жайында оқулықтарда, жеке кітаптарда бұрынды-соңды айтылған құнды пікірлер ескеріліп қорытылды. Оқулықтарда тыныс

белгілерінің қолданылуы белгілі бір синтаксистік құбылысты оқыту тұсында айтылатын болса, бұл жинақта әр тыныс белгісі өз алдына жеке әңгіме етіліп, оның жұмсалыу орындары мүмкіндігінше толық қамтылды. Жазу тәжірибемізде бірқыдыру орын теуіп кеткен қате ережелерді нұсқап көрсетіп, оларды әрі қарай болдырмау мақсатымен «мынадай орында мынадай тыныс белгісі қойылмайды» деген ережелер де енгізілді (олардың бірқатары ескерту ретінде берілді).

Бұл ережелердің ішінде әлі де пікір алысатын жайлардың бар екенін ескертеміз. Мысалы, бастауыштан кейін сызықшаның қойылатын жерлері жайында басқа да орынды орынды ойлар бар. Айталық, бастауыштан кейін *дегеніміз, деген* тәрізді сөздер тұрса (баяндауыш атау тұлғалы есімнен болса), сызықша қойылмасын, немесе атау тұлғалы зат есім баяндауыш *еді, болатын, болып табылады* сияқты көмекші етістіктермен келсе де, бастауыштан кейін сызықша сақталсын деген тәрізді пікірлер біз ұсынып отырған ережеден бөлекше. Осындай ойларды ғылыми және практикалық тұрғыдан әлі де екшей түсіп, көпшіліктің, әсіресе мұғалімдердің, баспа қызметкерлерінің, сондай-ақ тіл, әдебиет майданындағы басқа да қайраткерлердің пікірін тыңдағанды дұрыс көрдік. Сондықтан пунктуациялық ережелердің ішінде әлі де қырнай түсетін мәселелерге жұртшылығымыз назар аударып, пікірлерін мына адреске жіберулерін сұраймыз: Алматы қаласы, Шевченко кө-

шесі, 28, Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты.

Бұл «Пунктуация ережелері»— Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институтының Қазіргі қазақ тілі бөлімінің біраз уақыттан бері материал жинап, зерттеп келген жұмысының нәтижесі. «Ережелерді» жасағандар — бөлім қызметкерлері *Р. Сыздықова* мен *Қ. Неталиева*, «Ережелерді» құрастыру жұмысына басшылық еткен — Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, проф. *М. Балақаев*.

*Қазақ ССР Ғылым академиясының
Тіл білімі институты.*

НҮКТЕ

§ 1. Нүкте аяқталған ойды білдіретін хабарлы жай сөйлемдерден кейін де, құрмалас сөйлемдерден кейін де қойылады. Мысалы:

Аралдың тоғайлары алтын арай реңге айналып, сарғая берді. Қазір күн санап құм боран құтыра соғатын болды. Қатты жел енді суық лепті күз тынысын білдіре берді. Қала халқы жазғы жеңіл шапаннан сырма шапан, қалың бешбетке ауыса бастады. (М. Әуезов.)

Аттар шабатын жеріне түнде айдалғанда, Батыраш пен Қотыраш елінің бар жүйрік аттарын жинап, қарулы жігіттерді мінгізіп, қолдарына бір-бір шокпарды береді де, әлгі қалың талдың ішінде Құлакерді тостырады. (С. Мұқанов.)

Біз көріспегелі, арада өткен тоғыз жылды қоссам, қос бұрымында шолпысы, құлағында сырғасы сылдырлап, сылаң қаққан қыз бола қалады. Бірақ бұл түрін қанша іздесем де, көз алдыма айқын келтіре алмаймын. (Ғ. Мүсірепов.)

Жақып — қазақы кісі. Жомарт — интеллигент. Демек, екеуі екі сорт. Ал Бейсен — үшінші сорт. (Ғ. Мұстафин.)

§ 2. Нүкте атаулы сөйлемдерден кейін, сондай-ақ табиғаттың ерекше құбылысын білдіретін немесе айтып отырған уақиғаның кенет өзгеру құбылысын айқындайтын қысқа сөйлемдерден кейін қойылады. Мысалы:

Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген, сызды салқын бар. (М. Әуезов.)

Абажадай кең қора. Қараңғы. Жұлдыздай жылтырап әр жерден қораның есігі көрінеді. (Б. Майлин.)

Май айы. Таң алды. Ауыл Нұра бойында. Төңірек тып-тыныш. (С. Сейфуллин.)

Жаз мезгілі. Түс кезі. Күн ыстық. (С. Сейфуллин.) Алматы қаласы. Жаңбыр жауып, күн шайдай ашылған. Әуе тұп-тұнық, тап-таза, жібектей жұмсақ. (С. Сейфуллин.)

§ 3. Қос нүктеден кейін санамаланып айтылатын, өз ішінде басқа да тыныс белгілері бар, толық мағыналы сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүкте қойылады. Мысалы:

СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінен ТАСС-тың тілшісіне мынаны хабарлайды:

Жөндеу-техника станцияларын бюджеттен қаржыландырудан шаруашылық есепке көшіру колхоздардың экономикасының едәуір нығаюы нәтижесінде мүмкін болып отыр. Бұ-

ған партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын күрт өрге бастыру жөнінде соңғы уақытта қолданылған шаралары көмекші болды.

Қолхоздар маман басшы кадрлармен нығайтылды, ауыл шаруашылық машиналарымен, минералды тыңайтқыштармен тағы басқалармен жабдықтау жақсарды. («Социалистік Қазақстан» газетінен.)

§ 4. Бас әріптерінен немесе басқы буынынан шартты түрде қысқартылып алынған адам, кітап, газет, журнал, шығарма аттарының сол қысқартылған әрпінен не буынынан соң нүкте қойылады. Мысалы:

Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университеті.

Коммунистік партияның көрнекті қайраткерлерінің бірі И. В. Сталин Кремль курсанттарының мәжілісінде сөйлеген сөзінде В. И. Ленин туралы былай деді: «...Ленин басшылардың жай бірі ғана емес, ұлы сипатты басшы, күресте қорқуды білмейтін, партияны орыс революциялық қозғалысының соны жолдарымен алға батыл бастайтын тау қыраны болып көрінді». (И. В. Сталин, Шығ., 6 т., 63 б.)

Ескерту. Бірыңғай мүшелерді, біртектес сөздерді тегіс атап жатпас үшін, тағысын тағылар, тағы басқалар сияқты сөз тіркестері басқы әріптерінен қысқартылып пайдаланылады. Олардың әрқайсысынан кейін нүкте қойылып, т. т., т. б. түрінде жазылады.

§ 5. Кейбір жағдайда (оқулықтарда, қаулы-қарар деректерінде т. б.) айтайын деген ойды

талдап түсіндіру үшін, олар номерлеп санама- ланып айтылады. Немесе (көбіне оқулықтар- да) бір тақырыпшаны екінші бір тақырыпша- дан бөлу үшін § белгісі қойылады да, олар да нөмірленіп, нөмірлерден кейін нүкте қойыла- ды. Мысалы:

Ішкі Россияда тез оралып отыратын қаржы- ның қиян бір шетте кешеуілдеп қалатынын ескеріп, ... мен сіздерге мынадай шарттарым- ды ұсынамын:

1. Компанияның жүз жиырма пайының ал- пысын маған, яғни Александр Николаевич Рязановқа, бересіздер.

2. Компанияның қазақ даласындағы бар- лық өндірістеріне жауапты жалпы басқарушы сіз, яғни Никон Абрамович Ушаков, болады.

3. Қай өндірісте не болып жатыр, қай мөл- шерде көмір шығарылды, қанша мыс қоры- тылды, маған әр айдың аяғында үзбей хабар- лап тұрасыз... (Ғ. Мүсірепов.)

Қазақ тілі грамматикасында «Үндестік за- ны» деген тақырып мынадай тақырыпшалар- дан тұрады:

§ 23. Буын үндестігі. § 24. Дыбыс үндестігі. § 25. Ілгерінді ықпал. § 26. Кейінді ықпал. (І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, К. Аханов. Қазақ тілі грамматикасы.)

Ескерту. Егер цифрлы нөмірден немесе олардың орнына қойылатын әріптерден кейін жақша қойылса, онда жақшадан соң нүкте қойылмайды. Мысалы:

Қос сөздер түрлі-түрлі болады:

1) Бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалған қос сөздер.

2) Екі түрлі сөздің қатарласып айтылуынан жасалған қос сөздер.

3) Бірінші сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз қос сөздер.

4) Екі сыңары да жеке тұрып мағына шығара алмайтын қос сөздер т. б. (І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Қ. Аханов. Қазақ тілі грамматикасы.)

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының, яғни оның жоғарғы мемлекеттік өкімет органдары мен мемлекеттік басқару органдарының қарауына жататын жұмыстар:

а) Қазақ ССР-ның Конституциясын белгілеу және оның мүлтіксіз орындалуын бақылау;

б) Қазақ ССР-ның құрамында жаңа облыстардың құрылуын СССР Жоғарғы Советінің бекітуіне тапсыру;

в) облыстардың шекараларын және аудан-ауданға бөлінуін белгілеу;

г) Қазақ ССР-ның заңдарын шығару;

д) мемлекеттік тәртіпті және азаматтардың праволарын қорғау, т. б. (Қазақ ССР Конституциясы.)

НҮКТЕЛІ ҮТІР

§ 6. Мағына жағынан бір-бірімен аса тығыз байланысты бірыңғай бірнеше жай (кейде құрмалас) сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады. Мысалы:

Әдебиеттің мазмұн өрісі кеңейіп, ұлғайды; тақырыбы саралана түсті; құбылыстары бұрынғыдан гөрі кеңірек қамтыла бастады; жанрлар, әсіресе проза мен драматургия, едәуір өзгеріске ұшырады; шығармалардың шеберлігі бірте-бірте артып жатқандығы байқалды. («Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі».)

Оның қисса айтуында көп өнер бар. Мысалы, Алпамыш батырдың әкесі Байбөрінің сөздерін айтқанда, бет және дене қимылымен,

шалдың даусына лайықты әнмен айтады; Алпамыш батырдың өзіне арналған сөздерге келгенде, денесін батырдай қомдап, түсін суытып, даусын екпіндетіп жібереді; Алпамышты алдап қолға түсіретін мыстан кемпірдің сөздерін айтқанда, арық денесі бүкшиіп, тісі жоқ адамдай малжандата сөйлеп, кемпірдің даусына салып, түрі де, үні де кемпірге ұқсайды; айлакер, қу қойшы Кейқуаттың сөздерін айтқанда, бет құбылысы да, дене қимылы да, даусы да кәдімгі аумаған күлдіргіш жігіт болады; Алпамыштың сүйікті әйелі Гүлбаршынның сөздерін айтқанда, созылған жас әйелдің үнін естисің, қылмиған бет бейнесін көресің. (С. Мұқанов.)

Ондағы ниеті — қазақты, моңғол тұқымдас елдерді ішіне ала, Қытайға қанат жаю; Балтық теңізінің бергі жағасынан шведтерді қуып, Европаға Россиядан терезе ашқаны сықылды, Омбы арқылы Қиыр Шығысқа, Орынбор арқылы Орта Азияға терезе ашу. (С. Мұқанов.)

§ 7. Нүктелі үтір өз ішінде басқа да тыныс белгілері бар, бірыңғай бағыныңқылардың арасына да қойылады. Мысалы:

Қыз-келіншектердің кең делдиген етектері жер сызып, судырай көлеңдеп; кейбір қыздардың ұзын шаштарына таққан шолпылары жарқылдап, сылдырлап, кейбіреулерінің тақияларының үкілері бұлғақтап, желбіреп; жас келіншектердің жасыл, қызыл ала желек-

тері, жас қатындардың ақ кимешектері көлендеп; қызыл, жасыл, көк, қара, сұр, ала бешпет, кемзол, шапандары жазғытұрғы әр түсті қызғалдақ гүл шашақтардың түріндей аламыштанып; алыстан көз тартып ауылдан аулаққа оқшау шығып бара жатты. (С. Сейфуллин.)

§ 8. Мағыналары басқы сөйлемге қатысты болып, бір рубрикте санамаланып айтылатын сөз шумақтары мен жеке сөйлемдердің әрқайсысынан кейін де нүктелі үтір қойылады. Мысалы:

Біздің пікірімізше, қазіргі кезеңде пісуі жеткен халықаралық мәселелер мынадай:

Атом және сутегі қаруын сынауды тезінен тоқтату;

СССР, Америка Құрама Штаттары және Великобритания болып, ядролық қаруды қолданудан бас тарту;

Орталық Европада атом қаруы болмайтын аймақ құру;

Солтүстік Атлантика блогы мен Варшава договорының ұйымындағы мемлекеттер арасында тиіспеу туралы келісім жасау;

Германияның және басқа Европалық мемлекеттердің жеріндегі шетелдік әскерлердің санын азайту;

Тұтқиылдан болатын шабуылға алдын ала жол бермеуге байланысты мәселелер бойынша келісімді белгілеу;

Таяу және Орта Шығыс ауданындағы шиеленісті бәсеңдету жолдары туралы;

Халықаралық сауда байланысын кеңейту шаралары; Соғыс насихатын тоқтату. («Социалистік Қазақстан» газетінен.)

— Ердің қандайы жарға сүйкімді? — деп ері сұраса, Қаламқас сонда былай депті:

— Ер жігіттің ат басындай жүрегі елім деп қана туласа; ел-жұртының арманын қуып жүргенде, қара басының қамына еш те бір мойын бұрмаса; сыздаған ішін сипатып, ұй күшік боп жатпаса; ер анасы — елі ғой, бала жаста емізген адал сүтін ақтаса; дертіме шипа болғай деп, түздің суын ұрттаса; ар-намыстың найзасын еменнің иір біткен бұтағына сатпаса.

Мен де соны айтамын да, басқа не деймін.
(Ғ. Сыланов.)

СҰРАУ БЕЛГІСІ

§ 9. Сұрау белгісі жауап күте айтылған сұраулы сөйлемдердің соңынан қойылады. Мысалы:

— Өзі атпен баратын жер ме, машинамен баратын жер ме? (Ғ. Мүсірепов.)

— Әр жерден қазған ба, тұтас бір жерден тапқан ба? (Сонда.)

— Бекеттердің жайы не болып жатыр екен? (Ғ. Мүсірепов.)

§ 10. Бірінен соң бірі айтылған толық емес сұраулы сөйлемдерден кейін, сондай-ақ диалогты сұраулы сөйлемдерден кейін де сұрау белгісі қойылады. Мысалы:

Содан әрі Абай, Қәкітай, Мағаш:

— Қашан?

— Қайдағы жау?

— Бар жылқыны әкетті ме? — деп жан-жақтан жапырлай сұрасты. (М. Әуезов.)

— Әй, тілің бар ма өзіңнің? Неге бұғасың? Неге тұра келмейсің? Неге жөніңді айтпайсың? — деді Қадірбек. (С. Сейфуллин.)

— Әй, немене? Кісі ме? Нешеу екен? Қалай кетті? (С. Сейфуллин.)

— Апамбысың? Немене? Не болды, апа? (С. Мұқанов.)

— Қарағым-ау, айналайын-ау, қайдан жүрсің? Жалғызбысың? Қайдан келдің? (С. Сейфуллин.)

§ 11. Кейбір жағдайда сөйлеуші адам (автор) өз ойын, күйініш-сүйінішін, бір жағынан, сұрақ қоя және оған жауап қайыра сөйлейді де, екінші жағынан, сұрақ қойыла сөйлегенмен, жауабы айтылмаса да, оқушыға түсінікті болып отырады. Міне, осындай риторикалық, образды сұраулы сөйлемдерден кейін де сұрау белгісі қойылады. Мысалы:

Халық ұстазынан айрылса, ңе таппақ? Ел не ел? Жақсысымен ел. Басшысы болмаған елде елдік бар ма? Жақсы деген оңай ма? Ол жиі кездесе ме? Кездеспейді. (М. Әуезов.)

— Е, бірақ... осыныңды ұғынған қазақты, кәрі-жасты көрмей бара жатқан жоқпыз ба? (М. Әуезов.)

Итбаймен теңдестіргенде, Ботакөздің ағаларының қайраты немене? Нашарда не қайрат бар? (С. Мұқаңов.)

§ 12. Айтушының не жазушының белгілі бір мәселеге өзінің күдігін білдіруде сұрау белгісі жақшаның ішіне алынып жазылады. Мұндай жайлар басқа текстен алынған цитаттың ішінде жиі кездеседі. Мысалы:

Сөйтіп, осы «елге қауіп төндіруші идеялардың» қандай екенін көрнекі түрде түсіндіргісі келгендей, біздің либерал былай дейді: «Жұмысшы жиналыстары мен одақтарда жұмысшы қозғалысының неғұрлым байсалды және мәдениетті көсемдерін (! ?) большевиктердің неліктен жеңіп шығатыны түсінікті (әкімшілік орнының байымсыздығының өмірді бұрмалауы тұрғысынан қарағанда түсінікті)». (В. И. Ленин. Шығ., 20 т., 133 бет.)

... Бұл — мақтағаны. Ал сынағаны мынадай: Алайда ақын бір басқан ізін қайта шарлай береді, бір мотивті, бір лирикалық кейіпкерді қайта-қайта оралып жырлап сұлу қыздай поэзияны жалаңаштауға (?) салынады». («Қазақ әдебиеті» газетінен.)

ЛЕП БЕЛГІСІ

§ 13. Қорқыныш, ашу, жақсы көру, еркелету, жек көру, қарғыс, қайғы, таңдану, опыну, күдік сияқты көңіл күйін білдіретін лепті сөйлемдерге леп белгісі қойылады. Мысалы:

— Мынау тегін емес, жау! (М. Әуезов.)

— Ал, жандарым, жетіп қалды кеселдер!
(М. Әуезов.)

— Дәмімнің садағасы кетсін! Шық үйімнен,
оңбаған мұндар! Тапқан екесің үзеңгі тіресті
ретің адамыңды!

— Көрерміз тау құлатқаныңды!

— Күліңді көкке ұшырармын! (С. Мұқа-
нов.)

— Онда «атаның ұлы емеспін, Құнанбай
баласы емеспін, ел жақсысымен қаспын, елдің
жаман-жәутігімен табыстым», — десеңші!

— Тілегенің сол болса, айтқаным да сол
екені рас!

— Аздым де! Ата жолынан аздырам деші!
Оразбай, Жиреншенің саған жапқан жаласы
«ата жолынан елді аздырды» деген айыбын
ақтадым десейші! (М. Әуезов.)

— Бүйтіп көрген күн құрысын! — деді ол
назаланып. — Сүйекке таңба түсті, өлім бол-
ды!.. (С. Мұқанов.)

— Уа, көмірің құрсын, көмірің құрғыр! Сол
көмірдің астында қал! (Ғ. Мүсірепов.)

— О, шіркін, жұртым-ақ екен онда! — деді
Байжан, (Ғ. Мүсірепов.)


Шіркін, Көкшетау! Шіркін, дүниеде сендей
де жер бар ма екен! (С. Мұқанов.)

— Есіл сияқты кең арналы, мол тоғайлы
ұшы-қиырсыз өзенді көру қандай тамаша!..
(С. Мұқанов.)

— Ойпыр-ой, қалай өзгерген! Ән мен сөз
қалай өзгерген! (М. Әуезов.)

— Тіл қандай, тәсіл қандай! (М. Әуезов.)

— Айналайын, жиен-ай, тұра тұршы, құлы-
ным! (Ғ. Мүсірепов.)



— Бас бармағын бастырып потпеске алған соң, ар жағын жауып қой! Қағазға не жазып қойғанын кім біледі әлі! (Ғ. Мүсірепов.)

§ 14. Тыңдаушыға бұйыру мағынасында айтылған лепті сөйлемдерге леп белгісі қойылады. Мысалы:

— Сендер соғысқа кіресіңдер! Тұтқында азамат қалдырушы болмаңдар! Бұл бір де! Өліп түспесең, оңайшылықпен жығылып түспе жау қолына! Ал зәуісайтан сонда да біреу-міреу түсе қалса, қасындағы қалғанын іліп әкетуге тырыс. Жауды жайратқанда, тіл кететін болмасын! Типыл етіп қырыңдар! Бұл екі! (М. Әуезов.)

— Әй, бері кел, Амантай! Бері келіп кет деймін! (С. Мұқанов.)

§ 15. Ұран, үндеу, құттықтау мағынасында айтылған сөйлемдерге жазуда леп белгісі қойылады. Мысалы:

Ұлы Октябрь социалистік революциясының ХХХІІІ жылдығы жасасын!

Дүние жүзі халықтарының достығы жасасын!

Ғылым мен жоғары мектеп қызметкерлері! Ғылымды онан әрі көркейту үшін, техниканы ілгері дамыта беру үшін күресіңдер! Халықтың өмірімен мейлінше тығыз байланысты болыңдар! Коммунизм дәуіріне лайықты мамандарды әзірлендер!

Әдебиет пен искусство қайраткерлері! Шы-

ғармалардың жоғары идеялылығы және көркемдік шеберлік үшін күресіңдер! Әдебиет пен искусство халықтың өмірімен, бүгінгі заманмен біте қайнасып, тығыз байланысты болсын!

Совет қызметшілері! Мемлекеттік аппаратының жұмысын жетілдіре беріңдер! Еңбекшілердің тілектері мен мұқтаждарына тыңғылықты қараңдар! Совет аппаратының жұмысында ұйымшылдық пен ұқыптылықты арттырайық!

(КПСС Орталық Комитетінің ұрандарынан.)

§ 16. Ау, ай, ғой сияқты эмоционалды-модальдық бөлшектермен келіп, қорқыныш, аяныш, қайғы, риза болу, опыну, таң қалу сияқты көңіл күйін білдіретін лепті сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойылады. Мысалы:

— Әй, өзі де Шұға десе шұға еді-ау!.. (Б. Майлин.)

— Кап, бөліп жіберді-ау! (Ж. Тілеков.)

— Жарықтық-ай, бұл күнді де жұрттың көретін күні бар екен-ау! (Б. Майлин.)

— Ту, жүрегім жаңа орнына түсті ғой! (Ғ. Мүсірепов.)

— Жасаған-ау, мұндай да сұлу дене болады екен ғой!. (С. Мұқанов.)

— Әй, бала-ай, баласың-ау! (С. Мұқанов.)

— О да бір қызық заман екен-ау! (Б. Майлин.)

— Әй, әттеген-ай! (Сонда.)

— Жазған қарияң, жарып-ақ айтады-ау! (Б. Майлин.)

§ 17. Біреуді мақтай я көңіл білдіре, не бол-
маса амандасу я қоштасу ретінде айтылатын
лепті сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойы-
лады. Мысалы:

- Кеш жарық! (Ә. Тәжібаев.)
- Бағар көбейсін, шалым! (Ғ. Мүсірепов.)
- Бәрекелді, Метрей, айтқаның келсін!
(Ж. Тілеков.)
- Қош, туған жер!.. (С. Мұқанов.)
- Бақытыңды, алған бағытыңды құттық-
таймын! Қош! (Б. Майлин.)
- Соғыс бітсін, Трофим Денисович сәла-
мат болсын! (Ж. Тілеков.)

§ 18. Сөйлеушінің екінші адамнан бір нәр-
сені орындау жөнінде сұрап немесе ақыл қы-
лып айтқан, кейде табына, жалбарына (мыса-
лы, «құдайға», «жасаған иеге» жалбарына)
айтқан тілек арман, киял, өтінішті білдіретін
лепті сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойы-
лады. Мысалы:

- Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі,
жаман сықағын тыйыңызшы! Арашашы тіле-
дім сізден! Құдай ақы, «шоңның» деген қазақ
сөзі бар деп айтып беріңізші, мыналарға!
(М. Әуезов.)
- Жаздық, жаңылдық, әкетай!
- Кеше гөр, ағатай!
- Келесің бе енді бұл ауылға, аласың ба
екі лақты?
- Жоқ, жоқ, ойбай, кетейін!
- Кәпір өтейін, келсем!
- Ал осы көргенінді ұлыққа барып шағым
етесің бе, жоқ па?

— Ғтпейік, айтпайық!

— Көрдік, білдік демейік, тек жанымызды қалдыр, оңбайық айтсақ! (М. Әуезов.)

Көз сал газет, журналға,
Дін дүниені, қор малға!
Аз шығынды қызғанып,
Көп пайдадан құр қалма!

(С. Дөнентаев.)

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

(Ы. Алтынсарин.)

— А, жасаған, оң жолын бере көр!— деді Итбай мешітке барғалы аттанып жатып.

— Абұйырды төге көрме, жасаған! Ақсары-бас құрмандық! (С. Мұқанов.)

Абай көңліне осы оймен қатар, қызықты ыстық қиялдай тағы бұлдыр тілек келе берді. Сол дүниені, сол заманды көрер ме еді! Тым құрса ұзақ тірлік кешпесе де, әлде бір жайдан қандай бір сәтінде жалғыз көзбен сығалап қараса да, сол заман, сол дәуірді көрсе!— деген арман, қиял Абайдың көңілін шалды. (М. Әуезов.)

— Тақсыр! Төре! Жіберіңіз мені! Мен не қылдым сіздерге! Мен бір нашардың қызымын!— деді Ғайни командирге. (С. Сейфуллин.)

§19. Бірыңғай мүшелі лепті сөйлемдерде леп белгісі эмоционалдық айырмашылықты көрсе-

ту үшін әрбір бірыңғай мүшеден кейін де қойылады. Мысалы:

— Уа, елім деген азамат! Тарт менің соңымнан! Кеттік! Кеттік, кәне, жорыққа! (Ғ. Сыланов.)

— Болма, болма, Халкен! Қайыр, қайыр! Шалып ал! Е-е, сілте! Сілте! (С. Сейфуллин.)

— Отарба келеді! Отарба!

Поезд келеді! Поезд! (С. Сейфуллин.)

— Ұрып таста! Шаншып таста! Шаншып таста! Жау мұнда! Жау мұнда! Аттан! Аттан! (С. Сейфуллин.)

§ 20. Көтеріңкі үнмен айтылып, сөйлемнің басында келетін қаратпа сөздер мен одағайлардан кейін леп белгісі қойылады (қаратпа сөздер мен одағайларға қойылатын үтір туралы § 38, § 44 қараңыз). Мысалы:

— Дәрмен! Дәрмен! Шүйінші! Еңлік жыры сенікі! (М. Әуезов.)

— Я, бабам, Байтекем! Қелші, шалым! Сақалыңды бір иіскеп мауқымды басайын! (М. Әуезов.)

— Ту!— деп бас шұлғып, үндемей тамашалап барып: — Өлең мен ән ырысын тауыпты-ау, Абай! , Өнеріңнен айналайын! (М. Әуезов.)

§ 21. Басқа текстен алынған цитаттың ішінде (не ортасында, не аяғында) автордың сол текстке көзқарасын көрсету үшін жақшаның ішінде леп белгісі қойылады. Мысалы:

Әкімшілік орнының ағарту мекемелерімен «үмітсіз және ақылға сыйымсыз» күресінің нәтижесінде, — деп жазады Изгоев мырза, — шынымен елімізге қауіп төндіруші идеяларға қарсы рухани у қайтарғыш жасап отырған таза қоғамдық (!) тіршілік әрекетін әлсіретуге әкеп соғатын өмірді бұрмалау» — келіп шығады. (В. И. Ленин. Шығ., 20 т., 133 бет.)

КӨП НҮКТЕ

§ 22. Сөйлеушінің айтайын деген ойының толық айтылып аяқталмағандығын білдіру үшін көп нүкте қойылады. Сөйлемнің сазына қарай сұраулы, лепті сөйлемдер болса, сұрау, леп белгілері көп нүктенің (екі нүктенің) алдынан қойылады. Мысалы:

— Тірі келсе көрерсің ғой, бірақ мен... Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады. (Б. Майлин.)

Бір бұрышта ағаш бесік тұр. Қанаттың іздегені де осы емес пе еді? Бесік, бала... бала табар әйел, ұрпақ... бедеу қатын... шұбар таяқ... соның бәрі лезде елес беріп, аспан жерге төңкеріліп түсе қалғандай қиыр-шиыр бір суреттер көз алдына бола кетті де, Қанат селкете түсті. (Ғ. Сыланов.)

— Әр томарға 4—5 үйден қонып, бөлек-бөлек отырғандары... Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой!.. (Б. Майлин.)

Шешеміз өлгенде, мен он жетіде едім... Сен үш жасар ең... Сонда сені мойныма мінгізіп, сонау Мойынқұмнан жаяу көтеріп әкелген кім еді?.. Білемісің?.. (Ә. Тәжібаев.)

Бір жағымнан өтіп кетті ме екен, әлде?..
Жоқ, жазым болып, біреуі бірдемеге ұшырап,
қолға түсіп қалды ма екен?.. (С. Сейфуллин.)

§ 23. Кейбір жағдайда жазушы сөйлеушінің
әр түрлі себеппен (аурулық себепті ойдың бө-
лінуі, қорқу, тұтығу т. б. себептермен) мүдіре
сөйлегенін білдіреді. Осындай үзілістен кейін
де көп нүкте қойылады. Мысалы:

— Не болды, апа?

— Ө... Ө... Өлтірді!..

— Кімді!?

— Кенжетайды...

— Не дейсің, апа!..

— Ойбай! Қалқам... бар!.. (С. Мұқанов.)

— Көзіме көзі түсіп кетіп, қамыққандай
болды... — Тәуір емеспін... Тәуір болуды тіле-
меймін де... Сәлем айт!.. — деді (Б. Майлин.)

— Тақсыр... А-а... Жолдас... командир...
мына бір түсі жаман арам киргиз мынау
екеуіне тұра ұмтылыпты. (С. Сейфуллин.)

— А... а... с... с... с... қар! — деді бір кезде
Ботакөз талықсыған дауыспен, — . ө... өлдің
ғой, ойпыр-ау, жа...н ...ым-ау!.. Тығылсайшы!
(С. Мұқанов.)

§ 24. Басқа текстерден алынған цитаттың
алдынан және соңынан немесе ішінде жазыл-
май қалдырылған сөздердің орнына көп нүкте
қойылады. Мысалы:

Жазушы Сәбит Мұқанов «Ботакөз» рома-
нында сол романның бас кейіпкері Ботакөзді

былай деп суреттейді: «...Ботакөздің бойы жас мөлшерінен сұңғақтау екен. Үстінде орысшалау тіккен, түгі қырқылған қызыл барқыт камзол. Кескіні қара торы. Мұрны кішірек, дегенмен қырланып, әдемі біткен. Қара көз. Мойны ұзын. Денесінің балалық бейнелері әлі өзінде...» (Оқулықтан.)

Жазушы Ғабит Мүсірепов «Оянған өлке» атты романында жаңа өсіп келе жатқан Ақбұйрат заводының сыртқы көрінісін былай суреттейді: «Завод айналасында үйлер, оттар көбейген, ышқынып будақтаған түтіндер көбейген. Мойындары жіңішке де қысқалау болса да, бұйра қалың қара көк түтіндер желді күндерде де тік атқып көтеріліп, жоғарылап барып сынады да, содан кейін ғана көлбей жосиды... Ақбұйраттың қысы-жазы, күні-түні өзгермейтін берік қалыптасқан көрінісі осыған айналып еді». (Оқулықтан.)

§ 25. Жазушы айтып келе жатқан бір уақиғаны қайта жалғастыруда бірсыпыра уақыт өткенін оқушыға аңғарту үшін де көп нүкте қояды. Мысалы:

...Хат жазысқан соң, көп ұзамай-ақ Әбдірахман Шұғамен жақындасып кетті. (Б. Майлин.)

ҚОС НҮКТЕ

§ 26. Тізбектеліп айтылатын бірыңғай мүшелерден бұрын жалпылауыш сөздер айтылса, қос нүкте сол жалпылауыш сөздерден кейін қойылады. Мысалы:

Құмды шөлдерде өсетін негізгі өсімдік түрлері мынадай: шағыр, ақ жусан, еркек, изен, ақселеу, қияқ т. б.

Ұлы Қытай Халық Республикасы және басқа халықтық демократия елдері: Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы, Албан Халық Республикасы, Қорей Халықтық Демократиялық Республикасы, Моңғол Халық Республикасы және Вьетнам Демократиялық Республикасы — қуатты социалистік лагердің басты жетекші күші — Совет Одағымен өздерінің мәңгілік туысқандық достығын онан сайын нығайтты. (КПСС XX съезі материалдарынан.)

Киімдері де әр түрлі: өзбек шапан, көк мәуіт драп пальто, қара малескен, сұр шинель, қалпақ, тымақ, бөрік, ноғай малақай, кепка киіп, маңдайлығын артына қаратқандар да араласып кеткен. («Қазақ әдебиеті».)

Тізбектеліп айтылатын бірыңғай мүшелерден кейін қойылатын сызықша жөнінде § 66 ті қараңыз.

§ 27. Жалғаулықсыз байланысқан бірнеше сөйлемнің кейінгілері бірінші сөйлемнің мағынасын толықтырып не айқындайтындай болса, бірінші сөйлемнің соңынан қос нүкте қойылады. Мысалы:

Неғып қорықпай қуып келдің демендер: он бесімде өзім де тап осы қызымдай едім; сен-

дердің қолдарыңда кетсе, енді он бес жылдан соң қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? (Ғ. Мүсірепов.)

§ 28. Төл сөздің алдындағы автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады. Мысалы:

Қонақ жүруге айналғанда, ол Абайға қарап:

— Абай аға, ас пісіп қалды. Мына кісі сыйлас адамыңыз тәрізді, дәмге қалдырсаңызшы! — деген еді. (М. Әуезов.)

Сондай ойға келген Ботакөз бөгет болғысы келмей, тұра келіп, ілулі тұрған күпісін киді де:

— Ағай,— деді Асқарға,— көрші үйдің қызында оқу кітабым бар еді, соны алып келе қояйын. (С. Мұқанов.)

Жолда келе жатып, былай шыға бере Теміреш жолдасын жеңінен тартып тоқтатты да:

— Жайлап жүрейікші, Сағат жолдас,— деді баяу ғана. (Ғ. Сыланов.)

Бір уақыт, сәл мысқылдап күліп қойып, Әбішке бұрылды:

«Қарашы! Тағдырдың ызалы мазағындай, бұл тынымсыз ұрының аты да, ары бар адам баласына мысқыл сияқты. Мұның аты — Мыңжасар!» (М. Әуезов.)

Олар е десіп алған кісідей: «Осы ауылға түсіп, қымыз ішіп аттанатын шығармыз!» — деседі. (М. Әуезов.)

ҮТІР

1. Бірыңғай мүшелердің арасына қойылатын үтір

§ 29. Үтір жалғаулықсыз келген бірыңғай мүшелердің араларына қойылады. Мысалы:

Үйде Құнанбай, Зере, Ұлжан бар. Балалардан Абай, Оспан, Тәкежан отыр еді. (М. Әуезов.)

Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. (М. Әуезов.)

[Олардың] киімдері ықшам, таза, сәнді болады. (С. Мұқанов.)

Ханға, биге, манапқа, патшаға, байға, санатқа сегіз қырлы жебедей мен де тілді қададым. (Жамбыл.)

Оқушылар физикадан, химиядан, биологиядан оқып, ғылымның негізін үйренді. (М. Иманжанов.)

Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып, шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып. (Абай.)

Араларында жалғаулықтары жоқ бірыңғай мүшелердің алдыңғыларының жалғаулары түсіп қалып, ең соңғысына жалғанып тұруы мүмкін. Мұндайда да олардың араларына үтір қойылады. Мысалы:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. (Абай.)
Астыртын хабармен Құнанбайдың үлкен аулына Ырғызбай, Топай, Жуантаяқтардың көп ірі кісілері жиналып қалған. (М. Әуезов.)

Араларында жалғаулық жоқ екі бірыңғай мүшенің алдыңғысының жалғауы жасырынып тұрса, олар қос сөзге ұқсап кетеді, бірақ араларына үтір қойылады. Мысалы:

Отты сұлу көздерінің *ақ, қарасы* әлі де тап-таза. (М. Әуезов.) — Отты сұлу көздерінің *ағы* мен *қарасы* әлі де тап-таза.

Қатын, балалар қозыларын көгендеп *бота, бұзауын* қуалап жүгіріп жүр. (Ә. Нұрпейісов.) — *Қатындар* мен *балалар* қозыларын көгендеп, *ботасын* және *бұзауын* қуалап жүгіріп жүр.

Араларына жалғаулық салмай, заттың әр түрлі сыр-сыпатын білдіріп тұрған сөздердің әрқайсысы сол затты тікелей анықтап тұрса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

Бұл батпақ жаздың күні *қою, сары* булы леп шығаратын. (М. Горький.) — *қою* әрі *сары* бу.

[Инештің]... *ақ* жібек кофтасының *кең, ұзын* жеңі дыбыссыз кейін сырғыды. (С. Шаймерденов.) — *кең* әрі *ұзын* жеңі.

Егер заттың сыр-сыпатын білдіріп тұрған сөздердің алғашқысы өзінен кейінгі тіркеске катысты болса, яғни тұтас тіркесті анықтап тұрса, одан кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

Егінді *қак* жарып, *жаңа тас жол* алаңға шықты. (Ғ. Мұстафин.) Мұнда «жаңа» деген сөз «тас жол» деген тіркесті анықтап тұр.

Оның қорасында *кең қарағай сарай* бола-

тын еді. (С. Мұқанов.) Мұндағы «кең» деген сөз — жалпы сарайдың емес, «қарағай сарай» деген тіркестің сыны.

Араларында жалғаулықтары жоқ бірыңғай мүшелер жайылмалы болып келуі де мүмкін. Мұндайда да араларына үтір қойылады. Мысалы:

Керімбаланың үлкен сұрғылт көздері, әдемі қызыл жүзі, ерке күлкісі ешбір дүниеден именген жоқ. (М. Әуезов.)

Орта бойлы, кең жауырынды, төстек кеуделі, мұрнының екі жақ сайынан басқа бетін түгел жапқан, ұзындығы кіндігіне түсетін қалың ақ сақалды, кішірек келген дөңестеу мұрынды, ойнақылау келген дөңгелек қара көзді, желкілдеген ұзын ақ қасты, кең маңдайлы, әжімсіз қызыл күрең кескінді... адам еді ол. (С. Мұқанов.)

§ 30. *Да (де, та, те)* жалғаулы әрбір бірыңғай мүшеден кейін қайталап келсе, бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Мысалы:

Поэманы бертін кезде мен Ақтөбе елінде де, Қызылорда елінде де, Жетісу елінде де, Семей елінде де естідім (С. Мұқанов.)

Тайманға бұл жердің топырағы да, шаңдағы да ыстық. (З. Қабдолов.)

§ 31. *Да (де, та, те)* жалғаулығы етістіктен жасалған екі бірыңғай мүшенің арасында

қайталанбай келсе, жалғаулықтан кейін үтір қойылады. Мысалы:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да, жырлайды. (Абай.)
Алтын айна алдында,
Қараймын да, құлпырам. (Қасым.)

Осыны айтты да, Жақсыбек жүріп кетті.
(Ғ. Мұстафин.)

Тек шалқаңнан аузыңды ашып жат та, қыл-
ғып жұта бер. (Ә. Нұрпейісов.)

Ақылбай кешке қарай ас-су әкеп бермек
болды да, жүріп кетті. (С. Мұқанов.)

Ескерту. Араларына да (де, та, те) жалғаулығын салып, екі етістіктен жасалған бірыңғай мүшелер мен соларға ұқсас, бірақ бірыңғай емес, күрделі етістіктерді шатыстырмау керек. Екеуі де бірдей тұлғада келіп, араларына да (де, та, те) жалғаулығын салған күрделі етістіктің алғашқысы негізгі, кейінгісі көмекші болады. Күрделі етістіктердің араларындағы да (де, та, те) жалғаулығынан кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

[Жолдасым] палитрасын, кистісін қолға алып, үйдің ішінде жүрді де қойды. (С. Ерубәев.)

Енді ешқайсысы да жылқы іздеп әлек болмайды, күрең биені жетектеп жүреді де отырады. («Ер Төстік» ертегісінен.)

Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп, партия жиғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпенен сатады да жүреді. (Абай.)

§ 32. Да (де, та, те) жалғаулығы сын есімнен, есімшеден немесе үстеуден жасалған екі бірыңғай мүшенің арасында келсе, араларына (яғни жалғаулықтан кейін) үтір қойылмайды. Мысалы:

Қар басқан кең дала, қыбырсыз ұзақ жота
үнсіз де момын тыныштықта. (М. Әуезов.)

Абай түрді түр үшін емес, айтайын деген
ойын дәлірек, өтімді де ұтымды етіп айту үшін
іздеген, жасаған да тапқан. (Ғ. Мүсірепов.)

Төргі бөлме кең, таза да жарық еді. (З.
Кабдолов.)

Артистканың кимылы сараң да нәзік. (С.
Шаймерденов.)

§ 33. Не, немесе, әрі, әлде, бірде, я,
яки, я болмаса, кейде, құй жалғаулықтары
бірыңғай мүшелердің әрқайсысының алдында
қайталап келгенде, бірыңғай мүшелердің
араларына үтір қойылады. Мысалы:

Бай орысқа жыл сайын жалданғанда, сиыр-
дың не құнан шықпасын, не дөнен шықпасын
алатын боламын. (С. Мұқанов.)

Не кісінеп, не пысқырған жылқы үні де
естілмейді. (М. Әуезов.)

Арызымды айтайын, құй болар, құй болмас.
(Абай.)

Кең мандай, қолаң шаш, я бір кез, я құ-
лаш. (Абай.)

Терезеден ызындап бірде өкпек жел, бірде
аңыз. (Т. Жароков.)

Не, немесе, әлде, я, яки, әрі, я болмаса
жалғаулықтары екі бірыңғай мүшенің арасын-
да қайталамай келсе, араларына үтір қойыл-
майды. Мысалы:

Власовтардың кішкене бөлмесі тар әрі қа-
пырық бола бастады. (М. Горький.)

Жомарттың алысқа кеткен ойы бұдан *сәулетті әрі сенімді* еді. (Ғ. Мұстафин.)

Ескерту. Оңашаланған айқындауыш мүшенің құрамында келетін *я, яки, немесе, не болмаса* деген жалғаулықтарды олардың бірыңғай екі мүшенің ортасында келген түрімен шатастырмау керек. Оңашаланған айқындауыш мүше жалғаулығымен коса екі жағынан үтірге алынады, соңғы үтір оңашаланған мүшенің аяқталған жерінен қойылады (Бұл жөнінде § 49-ты қараңыз).

Поэма — елеулі ірі оқиғаларды немесе белгілі жеке адамдарды әңгіме еткен өлең түріндегі ұзақ шығарма. («Әдебиеттік оқу кітабы».)

Бірақ колхозға қараған жылқының ішінде некен-саяк *төбел немесе ақ танау* болмаса, маңғұл қасқа жылқы жоқ болатын. (М. Әуезов.)

§ 34. Екі бірыңғай мүшенің арасында *бірақ, дегенмен, алайда, сонда да* деген жалғаулықтар мен *сонымен қатар, сонымен бірге, сондай-ақ* деген тіркестер келсе, бұлардың алдынан үтір қойылады. Мысалы:

(Дала) *аласа, тақыр, бірақ тығыз* бетегемен жайнаған. (М. Әуезов.)

Мәулен үзіліске дейін *күтуге тиісті* еді, *бірақ шыдай алмады*. (С. Шаймерденов.)

Сол кеңестің ішінде... Байжан сияқты адамға бұрын ауызша да ешкімнен естімеген, *кітаптан да оқымаған, бірақ ғылымдық мәні үлкен* сөздер кетіп жатыр. (С. Мұқанов.)

§ 35. Қайталамайтын мен (*бен, пен, менен, бенен, пенен*), да (*де, та, те*) жалғаулықтары арқылы екі-екіден жұптанып келген бірыңғай

мүшелердің топ-тобының жігіне үтір қойылады. Мысалы:

Қыс пенен жаз, күн менен түн, дақ пенен жұп, жақсылық пен жамандық болды сегіз.
(Абай.)

Пьесадағы шиеленіскен оқиғаға тартыс желісімен ұштас бір мәселе — *Сәуле мен Нұрлан, Сәуле мен Темір* арасындағы әңгіме. («Әдеб. оқу кітабы».)

Алтын мен күміс, берен мен жібек бояу арқылы үн қосып, әнші әйелге қосылып ән салып тұрғандай. (Ғ. Мүсірепов.)

II. Күрделі қос сөздердің арасына қойылатын үтір

§ 36. Ай дер ажа, қой дер қожа (жоқ); ұзын арқау, кең тұсау; күн қатып, түн қатып; күн демей, түн демей; бес бересі, алты аласы; ақай жоқ, тоқай жоқ немесе ақай жоқ, ноқай жоқ т. б. тәрізді күрделі қос сөздердің сыңарларының арасына үтір қойылады. Мысалы:

Пысықтықтың белгісі — арыз беру,
Жоқ, тұрса алты аласы, бес бересі. (Абай.)

Бөжей ішінен: шарифат та жөнге, шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ көрінгенге бұйда бере бермес дегендей. (М. Әуезов.)

Жаным-ау, айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. (М. Әуезов.)

III. Қайталап келетін сөздердің арасына қойылатын үтір

§ 37. Бір сөз немесе сөз тіркесі қатар келіп, кейде араларына басқа сөздер салып, екі-үш рет қайталаса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

Дауыста, Жамбыл, дауыста,
Сөйлеп бір жібер, сөйле енді. (Жамбыл.)
Бүгін, бүгін, дәл бүгін
Ақтармаған жыр қалмас. (Қасым.)
Көшесі қандай, көшесі
Көтеріңкі көрінген. (Т. Жароков.)

Нанды жалмаған тарақандардай-ақ *жалмай береді, жалмай береді.* (М. Горький.)

Сол екеш, соған да тиым салар салмағың жоқ. (М. Әуезов.)

Кен екеш, кенге де тарылды. (Ғ. Мұстафин.)

Бұларда *мал дейтін, мал да* шағын. (М. Әуезов.)

Барса, барсын (барсам, барайын; барсаң, бар); келсе, келсін (келсем, келейін; келсең, кел); отырса, отырсын тәрізді бір сөздің қайталап, алдыңғы сыңары шартты райда, кейінгісі бұйрық, қалау райда келетін етістіктердің арасына үтір қойылады. Мысалы:

Барсаң, бар! — деді Павел. (М. Горький.)

IV. Қаратпа сөздерге қойылатын үтір

§ 38. Қаратпа сөз сөйлемнің басқа мүшелі-

рінен үтірмен ажыратылады. Үтір сөйлемнің ортасында келген қаратпа сөздің екі жағынан да қойылады. Мысалы:

Не іздейсің, көңлім, не іздейсің. (Абай.)
Бөгелме, Жамбыл, сөйлеуден. (Жамбыл.)
Домбыра, мұнша шешен болдың неге? (Қасым.)

Жатақтың ішінде сен де бар ма едің, Дәркембай? (М. Әуезов.)

У-у, жеңгетай, ұйықтармын,
Түн ұзақ қой, түн ұзақ. (Сәкен.)

Қаратпа сөз алдынан анықтауыштарын қоса күрделі болып та келеді. Мұндайда қаратпа сөздің жеке өзі емес, тұтас тіркес үтірмен бөлінеді. Мысалы:

Мың сәлем саған, мәңгі жолдас Майым!
(С. Мұқанов.)

Сүйкімді болат қанжар, тұрсың жайнап.
(Абай.)

Қайран жастық шіркін-ай, не ойлатпайсың?
(М. Иманжанов.)

Шабылған сорлы Қарабай, сені қызыңның қырсығы әкетті, соны айтқалы оралдым. (Ғ. Мүсірепов.)

Қаратпа сөздің алды-артынан келетін эпитеттер де қаратпамен қоса үтірге алынады, қаратпа мен эпитеттің арасына үтір қойылмайды. Мысалы:

Ал, Төрекелді шырағым, ауылға қайт. (М. Иманжанов.)

Хош, Әшірбек жолдас. (Ғ. Мұстафин.)

Жолдас майор, сізге айтар арызым бар.
(Ә. Әбішев.)

Қарға батыр, әр сөзің — күміс, алтын
(Ы. Алтынсарин.)

Қаратпа сөз шылаулы болып та келеді. Мұндайда қаратпа сөз шылауымен қоса үтірге алынады. Мысалы:

Қайран Сәтбек-ай, тірі ме едің? (М. Әуезов.)

Қалқам-ау, Тайманыма керек қой. (З. Қабдолов.)

Апырай, Анна Григорьевна-ай, сенің қабағың-ай! (С. Шаймерденов.)

Қаратпа сөздер қайталап та келе береді. Мұндайда қайталап тұрған сөздердің өз араларына да үтір қойылады. Мысалы:

Ер Төстік жақындай түсіп: «Шеше, шеше, артындағы қыздардың бәрі өзіңіздікі ме?» — дейді («Ер Төстік» ертегісінен.)

— Қош, қалқам, қалқам!... — деді Шұға.
(Б. Майлин.)

Қаратпа сөздерден кейін леп белгісі қойылуы туралы § 20-ты қараңыз.

§ 39. Қаратпа сөзге ұқсайтын, бірақ нақтылы біреуге не бір нәрсеге арнай қаратылып айтылмай, жалпылық-белгісіздік мағынада

айтылатын сөздер де сөйлемде үтірмен ажыратылады (олар қаратпадан гөрі одағайға жақындайды). Олар да күрделі, шылаулы болып келе береді. Мысалы:

Жасаған-ау, мұндай сұлу дене болады екен ғой! (С. Мұқанов.)

Шебер құдай-ай, шыбын шаққаннан өлген кісінің моласын көрген жоқпын. (Ә. Нұрпейісов.)

Бұл не пәле? Қайда кеп түстім, *сорлы басым-ау!* (М. Әуезов.)

Құдай-ау, қайда сол жылдар? (Абай.)

Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді. (Б. Майлин.)

V. Қыстырма сөздерге қойылатын үтір

§ 40. Қыстырма сөздер мен қыстырма сөз тізбектері сөйлемнің басқа мүшелерінен үтірмен ажыратылады.

Қыстырма сөздер мен қыстырма сөз тізбектері болатындар, көбінесе, мыналар:

1. Әрине, рас, екі бастан, тегі, тегінде, сірә, ұмытпасам, асылы, шамасы, бәлкім, айтпақшы, айтқандай, амал қанша, несін айтасын, мүмкін, бағына (бағыма,..) қарай, әлі есімде, шынын айтқанда.

Бұлар автордың айтып отырған ойына қатысты мақұлдаған, шүбәланған, жорамалдаған, таңданған, өкінген, сенген сезімдерінің бірін білдіреді. Мысалы:

Баланың да, *әрине*, өзінше қиялы болады. (С. Мұқанов.)

Байжанның оқуын бітіріп келе жатуын

Анатолий Кондратьевич, әрине, өзіне бақыт санайды. (С. Мұқанов.)

Сонау бір шетте сонау үй, кетер ме, *сірә*, көңілден! (Қасым.)

Тегінде, қыз аса сұлу еді. (Е.Ерубәев.)

Кеме капитаны, *екі бастан*, менмін. (М. Иманжанов.)

Рас, Ділданы Абай сүйіп қайтқан жоқ. (М. Әуезов.)

Айтпақшы, қайда бораның?
Кетейін алып майданға. (Қасым.)

2. Біріншіден, екіншіден, ...ең әуелі, ең алдымен, демек, сүйтіп, қысқасы, әйтеуір, ақырында, мысалы, негізінен, көбінесе, бір жағынан, екінші жағынан, керісінше, қорытып айтқанда, былайша айтқанда, ендеше.

Бұлар автор ойының ретін (бастамасын, түйінін), желісін білдіреді. Мысалы:

Қыздың бұл әрі биязы, әрі паң мінезі мұғалімді, *бір жағынан*, сүйіндірді, *екіншіден*, намысын қоздырды. (М. Иманжанов.)

Маған, *ең алдымен*, орыс поселкелерінің көше-көше боп орнауы ұнады. (С. Мұқанов.)

Ақыры, Дәрмен бар ұзақ өлеңді, сыншы жырды айтып болды. (М. Әуезов.)

Сүйтіп, болашақ ұлы жазушының (Горькийдің) балалық шағы ауыр тұрмыста өтеді. («Әдеб. оқу кітабы».)

Былайша айтқанда, Дәмелінің көркемдігі қуаныштың көркемдігі екен. (С. Ерубәев.)

Ендеше, өлімнен ұят күшті. (М. Әуезов.)

Мысалы, Пушкиннің «Қапитан кызы» әңгімесінде халықтан шыққан Пугачевті көреміз. (Әдеб. оқу кітабы.)

3. **Меніңше, сеніңше, ...жұрт айтқандай, ... айтуынша, ... хабарлануынша.**

Бұлар айтылған пікірдің кімнің тарапынан екенін білдіреді. Мысалы:

Білетін адамдардың айтуынша, [Қорабайдың] қартайып өлген әкесі де өмір бойы темір соғумен күн кешкен. (С. Мұқанов.)

Сөз өнері, *Максим Горький айтқандай*, халықтың ауыз әдебиетінен басталады. (Әдеб. оқу кітабы.)

Жұрттың айтуынша, біздің ауылдағы Нұртазадан шешен адам жоқ. (С. Мұқанов.)

Ақсақалдың бұл талабы, *меніңше*, өте орынды. (М. Иманжанов.)

4. **Міне, эне, кэне, мінеки, энеки, байқайсың ба, байқаймын, өздеріңізге мәлім тәрізді сөздер де қыстырма ретінде қолданылады. Олар қыстырма ретінде келгенде тыңдаушының (оқушының) назарын аудару мақсатын көздейді. Мысалы:**

Міне, Дәмелі басын бір сілкіп, шашын кейін қайырайын деп тұр. (С. Ерубәев.)

Ал, *кэне*, Михаил, аңға шығып келейік. (Ғ. Сыланов.)

Атын, хал-жайын талай рет сөзде ғана кез-

дестіріп, өзін көрмеген Құтырлағанның көшесіне, міне, енді кірдім. (С. Мұқанов.)

Байқаймын, ол мені танитын адамға ұқсайды. (М. Иманжанов.)

Әне, машина жолдың ойылып қалған бір жерін айналып өтіп, жолға қайта түсті. (Ғ. Мүсірепов.)

5. *Немене, қалай, осы, сол* тәрізді есімдіктер де қыстырма ретінде қолданыла береді. Ондайда бұлар сөйлемнің сұраулық мәнін күшейте түседі; сөйлемнің басқа мүшелерінен дауыс кідірісімен бөлінеді, орындары тұрақсыз болады. Мысалы:

Қалай, ұнай ма, менің кілемдерім? (С. Мұқанов.) — *Менің кілемдерім, қалай, ұнай ма?* — *Менің кілемдерім ұнай ма, қалай?*

Немене, менімен асық ойнап па едің? (З. Қабдолов.) — *Менімен, немене, асық ойнап па едің?*

§ 41. Қыстырма сөйлемдер де, көбінесе, үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Әділетін айту керек, Ұлтуғанды Мұстафаның үйі, әсіресе Сілеусін, жақсы көреді және сыйлайды. (С. Мұқанов.)

Неге екені белгісіз, жұрттың бәрі оны Алочка деп кеткенді. (С. Шаймерденов.)

Астында газик, Чайков пен Мейрам келіп тоқтады. (Ғ. Мұстафин.)

Жәнәбіл қасында, ауылға қайтты Ардак. (Ғ. Мұстафин.)

Күздің былғаныштау, жаңбырлы бір күнінде, *ішінде Қордабай бар*, бірсыпыра жігіт Ғалияның үйінде қымыз ішіп отыр еді, қақпаға боз атты біреу кіре берді. (С. Мұқанов.)

Жасыратыны жоқ, адам баласы бақытқа тоймайтын мешкей екен. (Ә. Әбішев.)

Ұмытып барады екем, біздің бұл қонған жеріміз Шоңасудың нақ қасы боп шықты. (С. Мұқанов.)

Жақшаға алынатын қыстырма сөйлемдер туралы § 71 қараңыз.

§ 42. **Ол — ол ма, бұл — бұл ма, ол — ол болсын** деген тіркестер де сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Ол — ол болсын, жә, мынау көргеніміз қай мазағымыз! (М. Әуезов.)

Ол — ол ма, каналдың басы боларлық иін Сырдарияның бұл аралап өткен тұсынан табыла ма, жоқ па? (С. Мұқанов.)

Ол — ол ма, бұрын батылсынып жүретін ол дәл осы жолы Ақмоншаққа тура қарай да алмады. (М. Иманжанов.)

§ 43. **Бірақ, ал, алайда, сонымен қатар, әсіресе, тіпті, тек** деген сөздер дауыс кідірсімен бөлініп айтылғанымен, қыстырма болмайды. Сондықтан сөйлем ішінде екі жағынан бірдей үтірмен ажыратылмайды. Мысалы:

Ай әсіресе өзгеше. (М. Әуезов.)

Бұл күнде тола түскен Әйгерімнің нұрын

сәнді таза киімі әсіресе көркейткендей.
(М. Әуезов.)

Тек не бұйырсаң да, тергеп алып бұйырғайсың. (М. Әуезов.)

Тек орысша жуан кітаптарға, олардың кейбіреуінің алғашқы бетіне басылған портреттерге үңіле, қызыға қараймын да отырамын. (С. Мұқанов.)

Мінім тіпті көп болар. (М. Иманжанов.)

Ал, бірақ, алайда, дегенмен, сонымен қатар, сондай-ақ деген шылаулар екі бірыңғай мүшенің немесе екі жай сөйлемнің арасында келсе, үтір тек алдарынан ғана қойылады. Ал бұлар жай сөйлемнің басында не ортасында келсе, алды-артынан үтір қойылмайды. Мысалы:

Өмірде жоқшылық, тарығушылық бар дейтін, бірақ оны біз көрмеген едік. (С. Ерубәев.)

Айбар Зәурені сүйеді, бірақ Зәуре оны ұқпайды. (З. Қабдолов.)

Тегінде, қыз аса сұлу еді. Бірақ біз қыздың несі әдемі екенін біле алмадық. (С. Ерубәев.)

Абай бірақ қайындап кетті. (М. Әуезов.).

Сары атан бірақ ойлай алмайды. (Ғ. Мұстафин.)

Талабың бар. Алайда әдебиеттің не екенін жете білмейсің. (С. Шаймерденов.)

Арманов та бір қатігез жігіт. Дегенмен со-
нікі дұрыс тәрізді. (З. Қабдолов.)

Бірақ оның шыны ма, я үлкендерге көз қыла ма, әйтеуір, қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан. Сонымен бірге Абайды да былай қоя тұрған сияқты. (М. Әуезов.)

Ал және бірақ (немесе *дегенмен*) деген екі жалғаулық қатар қолданылса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

Ал, бірақ жау Ожарға келгенін білгенмен, қайда тығылып, қай жерді паналап жүргенін қайдан білеміз. (М. Әуезов.)

Ал, бірақ жыр Дәрмендікі. (М. Әуезов.)

VI. Одағайларға қойылатын үтір

§ 44. Одағайлар сөйлемнің басқа мүшелерінен үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Ой, өзің тілің бар ма? (М. Әуезов.)

Е, тастай алмай жүрген жаным жоқ.
(М. Әуезов.)

Әй, өзі Шұға десе, шұға еді-ау! (Б. Майлин.)

Ойпырмай, оған не деген ас шақ келеді!
(С. Мұқанов.)

О, бұл мүйізді жылан екен, байқайсыздар ма? (С. Шаймерденов.)

Сыналар, әй, жігіттер, келді кезің. (Абай.)

Ойбай, жеңдер, әне, Жиреншенің тазысын!
(М. Әуезов.)

Екі одағай қатар келуі мүмкін. Ондайда да әрқайсысы үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Уа, дүние-ай, қанат бітіп құс боп ұшсам!
(Сәкен.)

Ой, тәңір-ай, жеріне жетпей Қәкітай жығылмайды. (М. Әуезов.)

Бәсе, шіркін, ақын болсан, осындай бол!
(М. Әуезов.)

Одағайлар каратпа сөзбен қатар қолданыла береді. Мұндайда әрқайсысы үтірмен бөлінеді. Мысалы:

Пай-пай, бала-ай, сабырың-ақ соңынан қалмады-ау! (Ғ. Мұстафин.)

Ой, әке-ай, бекер айтасыз. («Қазақ ертегілері».)

Ей, аққу, сәлем деші жолыққанда. (Сәкен.)
Бай-бай, Нұржан-ай, қыршаңқы тілің қалмады-ау. (Б. Майлин.)

Одағайлардан кейін леп белгісі қойылуы жайында § 20-ты қараңыз.

§ 45. Одағайға ұқсас қош, жә, құп, жай, жақсы («мақұл» мағынасында), мақұл, жарайды, болады, дұрыс деген сөздер де сөйлем ішінде жұмсалған орны мен мағынасына қарай оқшауланып келе алады. Мұндайда бұлар үтірмен бөлінеді. Мысалы:

Әйел: «*Мақұл, пісіріп ала қой!*» — дейді («Қазақ ертегілері».)

Жарайды, өз бөлмеңе апар, сонда бір койка сиярлық орын бар еді ғой. (С. Шаймерденов.)

Жә, бәрің де ат шалдыр! (М. Әуезов.)

Жақсы, барайын, — деді ректор. (З. Қабдолов.)

— *Болады, оқийн!* — деп мен уәде бердім.
(Б. Майлин.)

Қой, енді мұның көзіне түспеген жөн болар.
(Ғ. Мүсірепов.)

§ 46. Көбінесе сөйлемнің басында, кейде ішінде келетін *иә* (*я, ие*), *жоқ*, (*жо*) деген сөздер үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Иә, әлгі учитель баласы ма? (Б. Майлин.)

Жоқ, Инеш, Алочка мен Зада көп көмек көрсетті. (С. Шаймерденов.)

Я, көпір екі жаққа да керек. (Ғ. Мүсірепов.)

Шәлтік ұялғаннан ба, жоқ, ауырғанын жаңа сезгені ме, белін басып шойырылып қалды.
(М. Әуезов.)

Мұғалім, я, мұғалім болу керек. (М. Иманжанов.)

§ 47. Біреуге бір нәрсені ұсынып тұрып айтылатын *мә*, *мәңіз* деген сөздер үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Мә, мынаны қарай тұр. (С. Шаймерденов.)

VII. Айқындауыш мүшелерге қойылатын үтір

§ 48. Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемде үтірмен ажыратылады.

Дара сөз немесе сөз тіркесі өзінен бұрынғы сөздің мағынасын дәлденкіреп, анықтай түсіп тұрса, оңашаланған айқындауыш болады. Үтірмен ажыратылатын оңашаланған мүше

өзі айқындап тұрған сөзімен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келеді. Мысалы:

Ауылдар алыс жайлауға шықпай, *бауырда, Ералыда*, қалыпты. (М. Әуезов.)

Ал *сыртта, есік алдында*, бір қазан балық пісіп жатыр. (Ә. Нұрпейісов.)

Біз, балалар, қымбатқа еліктейміз. (С. Мұқанов.)

Артынан, Абай ұғындырған соң, (Еркежан мен Зейнеп) үндемей қалысты. (М. Әуезов.)

Биікте, көз ұшында, шалқар көл боп қиқулап... бір топ тырна кетті. (М. Әуезов.)

Септік жалғаулары жағынан қиыспайтын айқындауыштардың тыныс белгісі жайында § 67 ты қараңыз.

§ 49. Оңашаланған айқындауыш мүше *әсіресе, яғни, яки, мысалы, немесе, көбіне, басқаша айтқанда, тіпті* деген сөздердің біреуінен басталып келсе, үтір осы сөздердің алдынан және оңашаланған айқындауыш мүше аяқталып тұрған жерден (егер сөйлем бітпеген болса) қойылады. Жоғарыдағы көрсетілген сөздерден кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

Күз болса Ертіс бойында, *әсіресе Семейде*, жел катаяып, дауылға айнала береді. (М. Әуезов.)

Байжан Сырбайды ертіп, канал трассасы жүретін жерлерді, *әсіресе канал сағасы алынатын «Құстұмсықты»*, көрмек болып еді. (С. Мұқанов.)

Қолы боста Ботакөздің оқитыны — кітап,
әсіресе романдар. (С. Мұқанов.)

Жаманшұбарға, *оның ішінде біздің жақын туысымыз Рақымбайдың үйіне,* бір жігіт келе қалды. (С. Мұқанов.)

Драмалық шығарманың әр бөлімі перде, немесе акт, деп аталады. («Әдеб. оқу кітабы».)

Бірақ поэзияның жаңа замандағы әлеуметтік маңызын жете ұғынған ұлы ақын өзінен кейінгі қазақ поэзиясына Батысты, *оның ішінде орыстың реалистік поэзиясын,* мектеп етуге жөн сілтеді. (Ғ. Мүсірепов.)

Немесе, яки деген сөздердің онашаланған мүшенің құрамында келген жағдайымен олардың екі бірыңғай мүшенің арасында келген жағдайын шатастырмау керек.

Немесе, яки деген жалғаулықтар екі бірыңғай мүшенің арасында келгенде, араларына үтір қойылмайды. Мысалы:

Көрініс пьесадағы кейіпкерлердің біреуінің сахнадан *кетуіне немесе келуіне* қарай бөлінеді. («Әдеб. оқу кітабы».)

Диалог — *екі немесе бірнеше* адамның сөйлескен сөзі. («Әдеб. оқу кітабы».)

Алматыда немесе сол сияқты күнгейлік өлкелерде алма жемісінің қадірі жоқ. (С. Мұқанов.)

Әсіресе, көбінесе, тіпті деген сөздер онашаланған мүшенің құрамында да тұрмай, қысқартырма сөз де болмай, жеке сөйлем мүшесі болып та келеді. Ондайда бұлар алды-арты-

нан үтірмен бөлінбейді. Бұл жөнінде § 43-ты қараңыз.

§ 50. Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл, қарамастан, есептемегенде, қоспағанда деген сөздермен келген тізбектер үтірмен ажыратылады. Сияқты деген сөздің орнына -дай (-дей, -тай, -тей) жұрнақты сөз келуі де мүмкін. Мысалы:

Бүкіл Алматы қаласы сияқты, менің тереземнің алдына да биік теректер, қайыңдар, шынарлар өскен. (С. Мұқанов.)

Бұл кезде Алтынсары алтынды құм түгіл, тастан да айыра алатын болып еді. (С. Мұқанов.)

Поэзия — ажарлап құрған сөз тізбегі емес, күрделі мазмұнды пікір мекені. (Т. Нұртазин.)

Алтынсары үйінен балапан үшін емес, алтын үшін шыққан еді. (С. Мұқанов.)

Бұл — кінә емес, әншейін наз. (Абай.)

Шыққан ортасының, заманының қалың шытырман қайшылықтары мен қараңғылығына қарамастан, Абай өз дәуірінің прогресті ақыны екенін көрсетіп кетті. (Ғ. Мүсірепов.)

Жиналыс бір шахтынікі ғана емес, бүкіл Қарағандынікі. (Ғ. Мұстафин.)

Нұрғанымның жасы Құнанбай түгіл, Абайдан да кіші. (М. Әуезов.)

Қой арасына кіріп кеткен аюдай, Зониннің алып денесі ерекше көзге түсіп қалады. (Ғ. Мүсірепов.)

Жамбыл, Құлмамбет сияқты, байларды, болыс-билерді мақтаған жоқ. («Әд. оқу кітабы».)

Сияқты деген сөзбен немесе -дай (-дей, -тай, -тей) жұрнақты сөзбен келген тізбек сөйлем мүшесі болып (анықтауыш) келгенде, үтірмен ажыратылмайды. Мысалы:

Танк сияқты үлкен нәрсе бір орында көп тұра да алмайды. (Ғ. Мүсірепов.). Қандай үлкен нәрсе? — *Танк сияқты.*

VIII. Құрмалас сөйлемге қойылатын үтір

§ 51. Ыңғайлас салаластағы жалғаулықсыз байланысқан жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы:

Таудан аққан бұлаққа бақыраш тосып ек, құмға араласа алтынның үгіндісі ақты. (С. Мұқанов.)

Осы тауда алтын көп деген сөз бар, соны күрекпен шұқып қарасақ қайтеді. (С. Мұқанов.)

Бұрын әңгімелесіп сөйлесе беруші едім, бұл жерде тілім байланды. (Б. Майлин.)

Мал жерді емеді, адам малды емеді. (Ғ. Мүсірепов.)

Әрдайым біреу бастайды, көп қостайды. (М. Әуезов.)

§ 52. Өйткені, бірақ, ал сонда да, алайда; дегенмен, сондықтан деген жалғаулықтар арқылы байланысқан жай сөйлемдердің арасына (осы жалғаулықтардың алдынан) үтір қойылады. Мысалы:

Павел дүйсенбі күні де жұмысқа бармады,

өйткені басы ауырып жүрген еді. (М. Горький.)

Осы Ідірістен мен де оқуым керек еді, өйткені менің аңсаған оқуымның өзі осы ғой. (С. Мұқанов.)

Өмірде жоқшылық, тарығушылық бар дейтін, бірақ оны біз көрмеген едік. (С. Ерубаев.)

Әлі ала көлеңке айыққан жоқ, сондықтан жүргіншінің кім екенін дәлдеп тани алмап еді. (М. Әуезов.)

§ 53. Құрмаласқа енген алғашқы екі, үш немесе одан да көп сұраулы сөйлемдердің арасына сұрау белгісі емес, үтір қойылады. Мысалы:

(Қарт) үнсіз тұрып қалған екі жас сөйлесін деді ме, әлде жылқыны аралап қайтқысы келді ме, Борашқа иегін көтерді де, ылдифа қарай жорта жөнелді. (М. Иманжанов.)

Тау қайда, пана қайда, оны ажырату мүмкін болмады. (М. Иманжанов.)

Сәулені, жарықты, бояуларды ерекше шеберлікпен пайдалана білгендіктен бе, әлде құлпырып, құбылып тұрған Дәмеліге біздің көзіміздің үйреніп қалғандығынан ба, әйтеуір, портрет мың құбылып жайнап тұрушы еді. (С. Ерубаев.)

Сам жамырай бастағаны ма, жоқ, батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көк жиек үстінде сарғыш мұнар сәуле бар. (М. Әуезов.)

§ 54. Да, (де, та, те), әрі, бірде, әлде, яки, не, немесе, біресе жалғаулықтары екі жай сөйлемнің аралығында қайталамай келсе де, әр сөйлемнің ішінде қайталап келсе де, құрмаласқан жай сөйлемдер бір-бірінен үтірмен ажыратылады. Үтір қайталамай келген да жалғаулығынан соң, ал қалған жалғаулықтардың алдынан (бұрын) қойылады. Мысалы:

Ымырт бүгін әп-сәтте жетті *де*, түн қараңғылығы тез төнді. (М. Әуезов.)

Жігіт тасқа отырды *да*, қыз түрегеліп тұрды. (С. Ерубәев.)

Күздің түні *әрі* ұзақ, *әрі* өткен түн бұлты қалың, қараңғы, дауылды түн болды. (М. Әуезов.)

Біресе жаудан тартып алған самолетпен елге қарай ұшып келе жатқандай қуанамын, *біресе* аспаннан құлап келе жатқандай үрейленемін. (Ә. Әбішев.)

Және жалғаулығымен құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына үтір қойылмайды. Мысалы:

Әке жағынан екінші рет кісі келіпті *және* үлкен жұмыстар тұсында ауыр бұйрықпен жүретін Жақып келіпті. (М. Әуезов.)

Пушкиннің «Капитан қызы» әңгімесінде халықтан шыққан Пугачевті, ақсүйектер жастарының уәкілі ретінде алынған Гриневті көреміз *және* сол кездегі өмір шындығымен танысамыз. («Әдеб. оқу кітабы.»)

Және жалғаулығы сөйлемнің басында келуі де мүмкін, бірақ одан кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

Ағытканнан кейін сауын биенің оттампаз келетін әдеті. Және жылқы баласы терген гүлдей шөптің ең тәттісін шалып жүре оттайды. (С. Мұқанов.)

[Елизавета Быкова]... ауру сүлдерінен түгел айығып болмай-ақ көмір сұрыптауға кірісіп кетті. Және өзінің арман етіп келген істерін қолға алды. (Ғ. Мүсірепов.)

§ 55. Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы:

Алтынсары автомобильге келсе, Шауыпкел кабинада отыр екен. (С. Мұқанов.)

Сен келгенде, дайын тұрсын. (С. Мұқанов.)

Жабай сүйретіліп бекетке жеткенше, мұнда түнеуге тоқтаған кірешілер әлі орналаспаған екен. (Ғ. Мүсірепов.)

Жалма-жан тұра сала далаға шықсам, сәске түс болып, күн ыси бастаған екен. (Б. Майлин.)

Жолаушылар алдынан қатқыл жел соғып, күн күркіреп, недәуір қалың жауын келе жатыр еді. (М. Әуезов.)

Машина жатақхана алдына тоқтап, қыздар жеңіл заттарды ала ішіне кірді. (З. Қабдолов.)

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ішінде келсе, бағыныңқының алды-артынан үтір қойылады. Мысалы:

Әке каталдығын білетін Абай, ауылда ат жоқ болған соң, Мырзағұлдың атын міне сала, жалғыз шауып отырып, жеткені жаңа еді. (М. Әуезов.)

Таң ата, қас қарая, ымырт үйіріле сияқты тіркестер күрделі мезгіл пысықтауыштары болады, сондықтан үтірмен ажыратылмайды. Мысалы:

Әлтидің үйінен біз таң бозара аттандық. (С. Мұқанов.)

Түні бойы төпеген боран таң ата ашылды. (С. Мұқанов.)

Бір күні бір қызойнаққа барып, таң ата келіп жатсам, ұйықтап қалған екемін. (Б. Майлин.)

Күн шыға қалалық мекемелердің төбесіне қызыл тулар қайта орнап қалды. (Ғ. Мүсірепов.)

СЫЗЫҚША

I. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша

§ 56. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы (тәуелдік, көптік жалғаулы немесе оларсыз) зат есімнен немесе зат есім мағынасында қолданылған басқа сөз табынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Бекбол — осы Сәтбек аулының маңындағы кедей. (М. Әуезов.)

Қарағанды — алдымен көмір деген сөз.
(Ғ. Мұстафин.)

Диалог — екі я бірнеше адамның өзара сөйлескен сөздері. («Әдеб. оқу кітабы».)

Ендігі жоқ — он шақты саяқ, бір серке, қысыр шыбыштар. (Ғ. Сыланов.)

Бұндағы туысым дейтінім — осы отырған қырық үйлінің бәрі. (М. Әуезов.)

Қазақтың ұғымында тышқанның үлкені — шошқа, мысықтың үлкені — жолбарыс, иттің үлкені — арыстан. (С. Мұқанов.)

Бастауыш та, баяндауыш та бір зат есімнің қайталауынан жасала береді. Немесе бастауыш болып тұрған сөз күрделі баяндауыштың құрамында қайталап та келеді. Ол күнде де араларындағы (бастауыштан кейінгі) сызықша сақталады. Мысалы:

Күлкі — қыздың күлкісі. (С. Ерубәев.)

Бүгінгі күн — анда-санда алаң еткен уақ жайлар болса да, Абайдың Пушкинге оқушы ғана емес, ақынша жақындасқан күні. (М. Әуезов.)

Ұтықты төрелік айтсақ, жыққаның — жыққан. (М. Әуезов.)

Ақылың — ақыл-ақ! (М. Әуезов.)

Зерттегенде, май шыға ма? Көмір — көмір де. (Ғ. Мұстафин.)

Әйгерімнің жүзі қазіргі сәтте ағы—ақ, қызылы—қызыл боп, нұрлана балқып тұр. (М. Әуезов.)

Содан кейін менің көзіме әрбір зат өзінің шын мағынасындағы қасиетімен ғана таныл-

ды. Қурайы — қурай, күртігі — күртік, жылқысы — жылқы. (С. Мұқанов.)

§ 57. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен немесе екеуі де сан есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Бес жердегі бес — жиырма бес.

Екі онымыз — жиырма.

§ 58. Бастауыш ол, мынау, анау, осы, сол деген жіктеу, сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе зат есім орнындағы басқа сөз табынан (тұйық райдан, есімшеден т. б.) болғанда және керісінше келгенде, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Бұл — Байжанның талай келген үйі. (С. Мұқанов.)

Ол — Өскембайдың үлкен үйі Зере отырған ауыл. (М. Әуезов.)

Тебіндегі жылқыны бұл — менің бірінші көруім. (С. Мұқанов.)

Зәурені менің бұл — бірінші рет еркін тануым. (С. Мұқанов.)

Қадала қағып отыр. Ұстар жері — осы. (М. Әуезов.)

Ұзақ түнге жететін поэмадан менің есімде қалған сілімтігі — осылар. (С. Мұқанов.)

Божы Марфушада. Өйткені шөп маясының қайда екенін білетін — сол. (С. Мұқанов.)

§ 59. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш -у жұрнақты атау тұлғадағы тұйық етістіктен (я болмаса тұйық етістік аралас) немесе керісінше келгенде, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Омбыға менің барудағы *мақсатым* — Шокан Уәлиханов туралы материал *іздеу* ғой. (С. Мұқанов.)

Ендеше, менің бір *арманым* — Нұртазадай *шешен болу*. (С. Мұқанов.)

Апам Зәурені де, жездем Сүлейменді де менің анық *тануым* — *осы жолы ғана*. (С. Мұқанов.)

Татьянаның сөзіне құмартқан Мұхаметжанның казіргі *есі-дерті* — жаңағы әнді қайта *есту*. (М. Әуезов.)

§ 60. Бастауыш есімшеден (немесе есімше аралас сөз тіркесінен), баяндауыш атау тұлғадағы зат есім, есімше, есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, *қырындай қарап отырған* — дәл төрдегі *Байсал*. (М. Әуезов.)

Көшіп келе жатқан — Абай аулы мен көрші *ауылдар*. (М. Әуезов.)

Қабактары ашыла алмаған ақындар арасында енді сабыры таусыларман боп *тіленіп отырған* — *Дәрмен ғана*. (М. Әуезов.)

Ән шырқаған — сол Бораш мақтаған жылқышы *қыз*. (М. Иманжанов.)

Түзу салынған — қазіргі Карл Маркс атындағы көше мен соған жалғаса шығатын Ленин атындағы көше. (С. Мұқанов.)

§ 61. Бастауыш *бірі, біреуі, алдыңғысы, соңғысы, біріншісі, екіншісі ... көбі* деген сөздерден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не тұйық етістіктен және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Әйелдердің біреуі — сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен *кемпір, екіншісі* — қырықтың шамасындағы *әйел, үшіншісі* — он үш жастағы *қыз*. (М. Әуезов.)

Ғабдол айтатын сюжетті ұзақ жырлардың саны бірталай болатын. Солардың ішінен менің есімде сақталғаны екеу: *бірі* — «*Сұлушаш*», *бірі* — «*Мақпал*». (С. Мұқанов.)

Арбадағының *алдыңғысы* — домалақ бетті, көзі кішірек келген, бақа қара *кісі*. (Б. Майлин.)

«Қалғыма балалары» деген екі жігіт екен, *біреуі* — *жалпақ мұрын, ақ бұжыр, біреуі* — *шүңірек көз қара сұр жігіт*. (С. Мұқанов.)

Әлібек келгенде табыншының үйінде екі-ақ адам бар еді. *Бірі* — пештің үстінде ұйықтап жатқан *кемпір, бірі* — кітап оқып отырған жас өспірім *Ардақ*. (Ғ. Мұстафин.)

§ 62. Бастауыш жіктеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген зат есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз — жалын шоқ, біз — бір май. (Абай.)
Сіз — қырғауыл жез қанат. (Абай.)
Семья — шағын мемлекет,
Мен — президент, сен — премьер. (Қасым.)

Міне, енді жарасып тұр, — деді Айбарша оған, — мен — қыз, сен — ұл. (С. Мұқанов.)
Біз барлаушылармыз. Мен — Анатолий Федорович Чайков. (Ғ. Мұстафин.)

§ 63. Баяндауыш өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі сөз тізбегі болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Біржанға бұл ойын айтпауы — сөз тарап кетер деп қорықты. (С. Мұқанов.)

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері — 16-ға келгенше, Шұғаны күйеуге бермеді. (Б. Майлин.)

Шоқпыттың екінші қасиеті — ағып тұрған аңгімеші. (С. Мұқанов.)

Ойым — залдың төр жағына қарай өтпей-ақ, өзім тұрған маңнан орналассам деймін. (М. Иманжанов.)

Ботакөздің басында қайғы мен қуаныш бірдей түйісті. Қуанышы — майданға Елемесов болып кеткен Асқардан сол фамилиямен жұмасына бір хат келеді. Қайғысы — Амантай мен Термірбектің халі не күйде екенін анық біле алмайды. (С. Мұқанов.)

Менің сендерге берген парам сол — дәл сол Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым. (М. Әуезов.)

Жазушының қуантарлық қасиеті — өзіне қатал талап қоя біледі. (Т. Ахтанов.)

Бұл екіленуінің себебі — жасындағы бір ісі есіне түскен еді. (М. Әуезов.)

§ 64. Бастауыштың құрамында дегеніміз, деген (дегенім, дегенің, дегені) сөздері келсе, олардан кейін сызықша қойылады. Мысалы:

Мақан айтқандай, «ас» дегеніміз — жылқының еті мен соның сорпасына езген құрт қана. (С. Мұқанов.)

Идея дегеніміз — шығармадағы негізгі ой. («Әдеб. оқу кітабы».)

Топ дегенім — төрт теке мен Жұман. (М. Әуезов.)

Мазмұн дегеніміз — жүзеге асқан мақсат. (С. Шаймерденов.)

§ 65. Мынадай орындарда бастауыштан кейін сызықша қойылмайды:

1. Атау тұлғадағы есімнен жасалған баяндауыштың құрамында көмекші етістіктер (еді, екен, болады, болды, болатын т. б.) болса:

Бұл он жеті-он сегіз жасар қыз еді. (С. Ерубәев.)

Жұртты жинаған себебі оқшау бір жай болатын. (М. Әуезов.)

Алтынсары сөзге нанғыш, уәдешіл, момын бала еді. (С. Мұқанов.)

Арғынғазы гармоншы жігіт болатын. (З. Қабдолов.)

2. Сызықша қойылуға тиісті сөйлемде бастауыштан кейін қыстырма сөз (не сөздер) тұрса:

Ол, негізінен алғанда, он сегіз бен жиырма үштің арасындағы жас адам. (З. Қабдолов.)

Эпитет болатын, *көбінесе*, анықтауыш сөздер. («Әдеб. оқу кітабы».)

3. Бастауыш болып тұрған ол, бұл деген есімдіктер көптік тұлғада келсе:

Бұлар тек колда қыстайтын шағын мал. (Ғ. Мұстафин.)

Жаңа ұғымдардың пайда болуымен байланысты, сол ұғымдарды айтатын жаңа сөздер пайда болады. *Бұлар* жаңа сөздер. (Әдеб. оқу кітабы .)

4. Баяндауыш атау тұлғада емес, жатыс, септігіндегі зат есім болып келсе:

Станция тау бөктерінде. (Ғ. Мұстафин.)

Қарағанды биік белдің солтүстік бетінде. (Ғ. Мұстафин.)

Бұл ауыл қазір *Ойқұдықта*. (М. Әуезов.)

Үй іші қалың ұйқыда. (Б. Майлин.)

5. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есім, сан есімдерден болғанда:

Ұзынша қырлы *мұрны* көтеріңкі, *үлкен*. (М. Әуезов.)

Түсі ақ *сұр* келген, *өзі* қоңыр сақалды,

кесек мұрынды. *Бәсей* осы отырғанның бәрінен де сұлу. (М. Әуезов.)

(Жұманның) көлденеңі күректей, мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай жұп-жуан. (Ғ. Мүсірепов.)

Норма бесеу. (Ғ. Мұстафин.)

Сиыр төрт жүз. Жылқы мың үш жүз. (Ғ. Мұстафин.)

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. (Абай.)

Дала бос. Дала көңілсіз. (Б. Майлин.)

7. Баяндауыштың құрамында дейміз, деп аталады делінеді тәрізді сөздер келсе:

Арқалықтың жол асатын кезеңі *Күшікбай кезеңі деп аталады.* (М. Әуезов.)

Оқиғаның әбден ұлғайып, шиеленіскен жері *шарықтау шегі делінеді.* («Әдеб. оқу кітабы».)

Драмалық шығармада *әр бөлім акт деп аталады.* («Әдеб. оқу кітабы».)

8. Суреттеме атаулы сөйлемдерде сызықша қойылмайды:

Менің астымда жортақылау тапал торы ат. (Б. Майлин.)

Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. (Б. Майлин.)

Көк майсада ақ ауыл. (Ғ. Мұстафин.)

II. Жалпылауыш сөздің алдынан қойылатын сызықша

§ 66. Бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөзден бұрын (алдынан) сызық-

ша қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін келетін жалпылауыш сөздер, көбінесе, **бәрі, барлығы, баршасы, күллісі** деген есімдіктер мен жалпылау сан есімдері және жалпылау сан есімдері мен мөлшерлі, болжалды сан есімдер аралас сөз тіркестерінен жасалады. Мысалы:

Күнім, айым, жұлдызым — *бәрі* сенсің. (Қасым.)

Жел, құйын, ағын бәйгі, көк,
Ұшқыр құс, құмай, атқан оқ —
Бәрі де жүйрік өзінше. (Сәкен.)

Кәрі, жас, әйел, еркек — *бәрі* сонда. (С. Мұқанов.)

Одан басқа бұл колхозда қырғыз, қазақ, өзбек, ұйғыр, тәжік, орыс, украин — *жеті ұлт* бар. (С. Мұқанов.)

Ұлы бар, қызы бар — *отыз шақты студент* ән шырқап жатыр. (З. Қабдолов.)

Осының алдыңғы жылы, былтыр — *екі жыл* зорлап алып кеп, енді, міне, биыл, үшінші жыл, тағы орақшысын әкеп салып отыр. (М. Әуезов.)

Екі ақсақ, бір жел аяқ — *үш боздақ* енді базарға қарай бет алдық. (Ғ. Мүсірепов.)

Жинақтау сан есімдерінен болған жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қойылмайды. Мысалы:

Қарымсақ пен Зылиқа *екеуі* үйінің қасындағы шыңның басында тұр екен. (Б. Майлин.)

Ғабитханды кейде ілгері жіберіп, Дарқан, Жұмағұл *үшеуі* күліп-күліп алады. (М. Әуезов.)

III. Сызықша қойылатын басқа орындар

§ 67. Оңашаланған айқындауыш мүше өзінен бұрынғы айқындайтын сөзімен септік жалғауы жағынан қиыспай тұрса, яғни айқындалушы сөз атау тұлғада келсе, араларына сызықша қойылады. Мысалы:

Күлкінің *иесі* — *қызды* біз енді жақсылап көрдік. (С. Ерубәев.) «Күлкінің *иесін*, *қызды*, біз енді жақсылап көрдік» дегенмен салыстырыңыз.

Дем алысы — үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң — *қыс* келіп әлек салды. (Абай.)

Айқындайтын сөзімен қиыспайтын, яки айқындалатын сөзі атау тұлғада келетін, оңашаланған мүше жалқы есімнен жасалса, араларына сызықша қойылмайды. Мысалы:

Шойын кеуделі, аю жоталы... *қара кісі* *Игілік би* паң да, *тәкаппар* да емес. (Ғ. Мүсірепов.)

Қайнысының шақыруымен тысқа шыққан Тәкежанның *келіншегі* *Қаражан* тістеніп, сұрланып келеді. (М. Әуезов.)

(Есімбектің) ең кіші *келіні* *Зәйкүл* мына *Тама Қаржаудың* қызы еді. (Б. Майлин.)

(Артқы топ Үмітейлерді) орталарына алып, кең қоршап тұрып қалып, сонада Біржан

қалдырған қоштасу, арыздасу әні «Қозы көшті» бастады. (М. Әуезов.)

§ 68. Құрмаласқан жай сөйлемдерді байланыстырушы сондықтан, бірақ, дегенмен, өйткені, себебі жалғаулықтары айтылмаған болса, олардың орнына сызықша қойылады және олардың алдынан (бұрын) қойылатын үтір сақталады. Мысалы:

Дәркембайдың жүрісі тығыз екен, — шешінбеді. (М. Әуезов.)

Бұлар бір забойда істесе де, бірін-бірі әлі жете білмейді, — жаңада келгендер. (Ғ. Мұстафин.)

Тоқаевтың өлеңдерін оқығанда, оларға араласқан араб я фарсы сөздеріне түсінбегенмен, қай өлеңін оқысам да, жалпы сарынына еркін түсініп отырдым. Баймағамбет айтқандай, көзбен емес, көңілмен түсіндім, — бұл шығармалардың бәрі де өмір шындығынан алынғандар еді. (С. Мұқанов.)

Күлзипа екенін білген соң, Әбдірахман жүруге ыңғайланса да, мен жібермедім, — қалжыңдасып барғанды жақсы көрдім. (Б. Майлин.)

§ 69. Бірнеше сұраулы бірыңғай мүшелерді немесе сөйлемдерді жинақтап тұратын әйтеуір деген сөз түсіп қалған жерге сызықша қойылады, оның алдынан үтір қойылмайды. Мысалы:

Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе — денесі зілдей ауыр екен. (С. Мұқанов.)

Кенет ... құлаған көшкін бе, әлде күрілдеген өзен бе — сар-сар бір сарын құлаққа келді. (Ғ. Сыланов.)

§ 70. Салаласа байланысқан жай сөйлемдердегі іс (қимыл) шұғыл, жеде-қабыл болса, немесе бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтылса, араларына үтір мен сызықша қойылады. Мысалы:

Айтты, — көндім,
Алды, — бердім,
Енді өкіндім, өзіме аз! (Абай.)

ЖАҚША

§ 71. Сөйлем мүшелерімен синтаксистік байланысы жоқ, автордың жол-жөнекей кіргізген ескертпе сөздері немесе сөйлемдері жақшаға алынады. Мысалы:

Үлкен баласы Мұқаш жалғыз атымен пра-
виантта жүр, ондар шамасындағы екінші ба-
ласы (атын ұмыттым) менен оқиды. (С. Мұ-
қанов.)

Ел аралап, тігіншілікті кәсіп етіп жүрген
кезінде (ол туралы төменде толық жазылады)
Шәйін ағай мен Зылиқа жеңгей танысады да,
бірін-бірі сүйеді. (С. Мұқанов.)

Қабырғалардың тағы бір көзге ілінетін үл-
кен жазуы (ол тұп-тура ақ қабырғаның өзіне
жазылған) — 2 сом, 3 сом, 4,5 сом деп қойған
сомдар. (М. Әуезов.)

Тайман мұндайды көрген емес (оны Айбар-
дың көруі де шүбәлы нәрсе), дегенмен «ал-

тын, күміс, сыңғыр» деген сөздер әсер етті.
(З. Қабдолов.)

Мұндай ескертпелер сөйлем ішінде емес, текст ішінде қыстырылып, өз алдына жеке келуі мүмкін. Ол күнде де жақшаға алынады. Мысалы:

Социалистік Еңбек Ері екенінді айтсаң, мен сені баяғыда білетін едім ғой, — дедім мен қызға кәдімгідей кейіп. (Әрине, дөрекі кейіс емес, өзімсінгенде айтылатын майда жарасымды кейістік қой.) (М. Иманжанов.)

Жақшаға алынатын қыстырма сөйлемнен кейін қойылатын тыныс белгісінің жақшаның ішінен не сыртынан қойылуы жайында — § 96, 97, 98-ты қараңыз.

§ 72. Сөйлем ішіндегі белгілі бір сөздің немесе сөздердің мәнін жол-жөнекей түсіндіру үшін берілген оның аудармасы, синонимі т. б. жақшаға алынады. Мысалы:

Әрине, жәдидшілдер де бір түсті болмай, ала-құла жікке бөлінеді: бір жүйесі ірі буржуазияның (капиталистердің, помещиктердің, кулактардың) сойылын соқса, енді бір жүйесі ұсақ буржуазияның (ауыл, дала кедейлерінің) сойылын соғып, еңбекші көпшіліктің мүддесіне жақын болды. (С. Мұқанов.)

Автордың ремаркасы (көрсеткен жөні) сахнаны жабдықтауда, актерлердің ойынында үнемі ескеріліп отырады («Әдеб. оқу кітабы».)

Романның сюжеті (мазмұны) күрделі болады. («Әдеб. оқу кітабы».)

Байжан бұрынғы Ақмола облысының Қызылжар (Петропавл) уезіндегі бір аулында, кедей шаруалы үйде... туған. (С. Мұқанов.)

§ 73. Алынған цитаттың, мысалдың қайдан, кімдікі екенін көрсететін сөздер (кітап аты, авторы, беті, шыққан жері, жылы т. б.) жақшаға алынады. Бұл көбіне ғылыми еңбектерде, оқулықтарда, мақалаларда кездеседі. Мысалы:

Бір нәрсені екінші бір нәрсеге ұқсатып айту метафора болады. Мысалы:

Дем алысы — үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп әлек салды...
Құсы да, несі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда. (Абай.)
(«Әдеб. оқу кітабы».)

Ең соңғы нүктенің жақшаның ішіне не сыртына қойылатыны туралы § 97-ты қараңыз.

§ 74. Драмалық шығармалардағы ремаркалар (автордың түсіндірмелері) жақшаға алынады. Мысалы:

Қозы (*қолын түсіріп жібереді*). Жоқ, ана! Шыдай алмаймын мұныңа!.. Айтпай-ақ қой ар жағын. Сені күңіретіп қойып, күлмекпін бе мен? Айтпа, айтпа! Бәрі ұмыт, бәрі түстегі сандырақ боп қалсын... (*Отыра кетеді.*)
(Ғ. Мүсірепов.)

§ 75. Автор басқа біреуден цитат келтіріп, жеке сөздерге не сөйлемдерге байланысты мәселенің талас я күдікті екенін білдіріп, соған оқушының назарын аудару үшін сол сөзден не сөйлемнен кейін леп не сұрау белгілерінің бірін (кейде екеуін де қатар) қойып, оны екі жағынан жақшаға алады. Мысалы:

Орыстың классикалық шығармаларын өз оригиналынан оқып өсіп келе жатқан қазіргі қазақ оқушылары «Левинді сурет (?) пен табындырғалы күтіп отыр екен» деген текстті оқығанда, шын-ақ дағдарып қалмай ма? (Ол кімнің суреті — Ивандікі ме, әлде Сәрсенбайдікі ме?) «Пародоксальная тема» деген сөзді «Шәркез (?) тақырыптар» деп аудару да қате. (Ә. Нұрпейісов. «Анна Каренинаның аудармасы». «Әдебиет және искусство» журналы, 1956, № 4.)

«Балбөпе» поэмасында жазушы әйел тендігін аяққа басып келген патриархалдық-феодалдық қоғам құрылысының әдет-ғұрпын әшкерелей (?) отырып, Совет үкіметі тұсында тендік алған Балбөпенің жарқын бейнесін (?) көрсетеді». Жазушы ескі әдет-ғұрыпты қандай тәсілдермен әшкерелейді? Балбөпенің жарқын бейнесін қандай жолдармен көрсетеді? Сыншының міндеті осы емес пе? (Қ. Құтыбаев, «Сын мұқтажы», «Қазақ әдебиеті» газеті.)

ТЫРНАҚША

§ 76. Келтірілген цитат тырнақшаға алынады. Цитаттан бұрын аяқталмаған немесе бы-

лай дейді, былай деп жазады деген сияқты айтылғандарды тұжырымдаған автордың сөзі тұрса, цитаттың алдынан қос нүкте қойылады. Цитаттан кейін автордың сөзі жалғасып тұрса, цитаттың аяқталған жеріне төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылады (ол жөнінде § 87-ты қараңыз.)

«Әдебиет — адам тану ғылымы», — деп Максим Горький тегін айтпап еді ғой. (С. Шаймерденов.)

Абай өз халқына прогресшіл, демократиялық Россияны, оның озық ойлы ұлдарын үлгі етсе, панисламист Керім халықты, тіпті Абайдың өзін де, бірден-бір дұрыс жолдан тайдыруға, олардың бетін кертартпашыл шығысқа қарай бұруға тырысады. Оның бұл арамза, көлгір ойын бұлтартпай таныған Абай былай дейді: «...Қауымым — халқым. Пушкинді сен танымасаң, сол таниды. Оның ұлы-қызы, жаскәрісі таниды. Жалған кітап орнына шындық жырын жырлап жүрген ел бұлағы халық ақыны таниды...» (А. Нұрқатов. «М. Әуезовтың пьесалары», «Жұлдыз» журналы, 1957, № 9.)

§ 77. Дауыстап айтылмаған төл сөздер яғни біреудің ойы, айтуға оқталып, бірақ әлі айтпаған сөзі тырнақшаға алынады. Мысалы:

«Көкке шыққан емей, немене, — деп ойлады босағада тұрған Шауыпкел, — поезға да, автомобильге де, аэропланға да мінетін — осы». (С. Мұқанов.)

«(Инеш) өсіп сұлуланып кеткен. Онда мүлде бала еді», — деп түйді Мәулен өз ойын. (С. Шаймерденов.)

§ 78. Сызықшаға алынып жазылған төл сөздің ішінде келген екінші төл сөз тырнақшаға алынады. Мысалы:

— Біздің Шаншардың екі қуы түнделетіп келе жатса, күн жарқылдап қоймапты. «Шам жағып қарасаң да, екеу-ақпыз», — деген екен сонда. (Ғ. Мұстафин.)

— Бақыршы бала тыным ала алмай тыпыршыған соң: «Шығып қарашы», — деп тағы бір жіберіп едім. Бір мезетте далбаңдап, бақырып кірді. «Ойбай, Ақыл аға, жылқыны жау шауып жатыр... Бар жылқыны Шолпаннан асырып, әкетіп барады, енді қайттік?» — дегені, — деп Ақылбай әлі саспай сөйлеп отыр. (М. Әуезов.)

§ 79. Сөйлемнің ажыратылмас бөлігі ретінде жанастырыла енгізілген цитат, мақал, мәтелдер тырнақшаға алынады, бірақ олардың алдынан қос нүкте, соңынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы:

Тегін жатқан кен бар ма? Анау темір шелектермен «арыстанның аузынан, түрікменнің төрінен» алып тұр ғой. (Ғ. Мұстафин.)

«Осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді» деген мәтел де бар. (Ғ. Мұстафин.)

Бұл жүрістің бір жағы, Абайдың тілімен айтқанда, «арам болыс, аш билердің» пара

іздеуіне, екінші жағы, тамақ асырауына байланысты болып жатады. (С. Мұқанов.)

Мысалы, аудандық сот пен прокурор «ашса аясында, жұмса жұмырығында». (С. Мұқанов.)

§ 80. *Де* деген дәнекер етістіксіз айтылып, кейде тәуелдік, септік жалғауларын қабылдап, сөйлем мүшесі болып тұрған төл сөз бас әріптен басталып жазылып, тырнақшаға алынады, бірақ алдынан қос нүкте қойылмайды. Тәуелдік, септік жалғаулары мен тырнақшаға алынған төл сөздің арасына (тырнақшаның сыртынан) дефис қойылады. Төл сөздің өзі лепті немесе сұраулы сөйлем болып келсе, тырнақша жабылардан бұрын тиісті леп немесе сұрау белгісі қойылады. Мысалы:

«Былай тұр!»-дың мәнісіне түсінбей, шокша сақалын шошайтып, кішірек көзін сығырайтып, Баймырза Қалампырға қараған кезде, Қалампырдың қолы өгіздің мүйіз жібіне тиді. (С. Мұқанов.)

Жер қазу жұмыстары онша көп емес дей келді де, *«Әттең уақыт болса»-ға* тіреліп қалды. (Ғ. Мұстафин.)

«Ұзын арқау, кең тұсау» бұнда болғанда, *«қысқа жіп күрмеуге келмес»* менмін. (М. Әуезов.)

§ 81. Газет, журнал, кітап, әдеби немесе музыкалық шығарма, кино, пьеса, ән, қаулы тағы сондайлардың аттары сөйлем ішінде келгенде, тырнақшаға алынып жазылады. Мысалы:

«Сұлушаштың» да, «Мақпалдың» да өлендері оқиғасының қызықтығымен тартып әкетеді. (С. Мұқанов.)

Мектеп бардым — бала көрдім
Қолтығына кітап қысқан.
Сол кітаптың арасында
«Социалистік Қазақстан». (Қасым.)

«Ескендір», «Кім жазықты?», «Абай», «Миллионер», «Капитан қызы», «Ана», «Жас гвардия» эпостық шығармаларға жатады. («Әдеб. оқу кітабы».)

Күшті репродуктор қызып жатқан саналы еңбектің шаттық күйі «Күншуақты» ойнады. (Ғ. Мұстафин.)

(Мұхаметжан) өзінің атақты әні «Ақ қайыңға» салып көрді, «Топай көкпен» де жағалатты. (М. Әуезов.)

Әу дерлік даусы бар жігіттің бәрі де айтатын «Қалқам шырақ» сияқты әнді мен менсінгім келмейді. (С. Мұқанов.)

Мұндайда септік, көптік, тәуелдік жалғаулары тырнақшаның ішіне алынады. Жоғарыдағы мысалдарды қараңыз.

§ 82. Өзінің тура мағынасында емес, кері мағынасында немесе кекету, ажуалау мағынасында айтылған сөздер тырнақшаға алынады. Мысалы:

Соғысқа баратындар ертең аттанады деген күні кешке мен «ауырдым». (С. Мұқанов.)

Бай адамға «бақ» та конуға тиісті. Ол кездегі ауылдың «бағы» — болыстық пен билік. (С. Мұқанов.)

Алмастың мұнысы әзіл болғанмен, бір алуан сыры да бар еді: сегізінші бітірген жылы әкесі өлді, тоғызыншы бітірген жылы шешесі өлді, оныншы бітірген жылы соғыс басталды да, соғыс бітетін жылы өзі «өліп қалды». (З. Қабдолов.)

§ 83. Завод, фабрика, трест, комбинат, колхоз, совхоз аттары, түрлі машина, самолет маркаларының аттары тырнақшаға алынады. Мысалы:

«Алтын таң» колхозы, «Урожай» совхозы, «Победа» машинасы, «Слава» кемесі.

Атындағы деген сөзбен келген завод, фабрика, трест, колхоз, совхоз т. б. аттары тырнақшаға алынбайды. Мысалы:

Ленин атындағы мектеп, Киров атындағы университет, Қазақстан атындағы совхоз, ал: «Қазақстан» совхозы.

§ 84. Объект болып тұрған жеке сөйлемдер, сөздер, әріптер, буындар тырнақшаға алынады. Мысалы:

«Қарағанды» деген ат қайдан алынған? (Ғ. Мұстафин.)

Шынында, «тоңдым», «оңдым»-дарыңа еркек ақын болып, қайратты ажар берген — Кәкітай! — деп Абай әзіл етті. (М. Әуезов.)

«Кереку» дегеннің өзі орыс сөзі екен. (С. Мұқанов.)

(Кұрымбай) Қайың болысына келгелі, «таз» деген түсіріліп, «Кұрымбай», «Кұреке» аталған. (Б. Майлин.)

Үш романның аты да «о» әрпінен басталатын қай жазушы? (З. Қабдолов.)

ТӨЛ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

§ 85. Төл сөз текст ішінен бөлінбей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолданылса, тырнақшаға алынады. Мысалы:

Бір топ талдың тасасынан Толстов та маған қарай қолын ербеңдетеді. «Сенің ақылыңның түстен кейін келетін бір әдеті бар», — деп Шегеннің мазақтайтыны да еске түседі. (Ғ. Мүсірепов.)

§ 86. Абзацтан (жаңа жолдан) басталған төл сөз сызықшадан басталып жазылады. Сызықша арқылы көбінесе диалог болып келген төл сөздер жазылады. Мысалы:

— Күзетшісі болмай ма мұның?

— Бар да. Әлгінде ғана тоқылдағының даусы естіліп тұрған. (С. Мұқанов.)

§ 87. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады:

1. Әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз сызықшадан (немесе тыр-

нақшадан) басталып жазылады да, төл сөздің біткен жеріне (автор сөзінен бұрын), төл сөз болып тұрған сөйлем хабарлы болса, үтір мен сызықша, лепті болса, леп белгісі мен сызықша, сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша (сондай-ақ қажетіне қарай көп нүкте мен сызықша) қойылады. Төл сөз тырнақшаға алынған болса, автор сөзінің алдынан тырнақша жабылады. Мұндайда үтір тырнақшаның сыртына, ал сұрау мен леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады. Мысалы:

— Жоқ-ау, өзім әлі таң-тамаша болып жатырмын. Түсімде сені көріп ояна кетсем, қасымда сен отырсың. Түс деген келе береді екен-ау, — дедім.

— Қалай көрдің, Күннәзия? — деді ол.

— Екеуміз шие теріп жүр екенбіз... — дедім.

— Е, шие деген құдайдың адал ризығы ғой, — деп іргеге тақала түсті. (Ғ. Мүсірепов.)

«Мен келемін! Өнер келемін! Танымай көрші, андамай бақшы! Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иілмей көрші!» — деп, бас идіре ән төккенде, ән емес, нұр төккендей: (М. Әуезов.)

«Қағынғыр, кетсейші, жұрттың хатын тасып, осы сен-ақ мазамды алдың ғой», — деп (Шұға), тағы күлімсіреді (Б. Майлин.)

2. Төл сөздің алдынан автор сөзі келсе, одан кейін қос нүкте қойылады. Автор сөзі төл сөзден кейін де жалғаса берсе, тыныс

белгісі 1-пунктте көрсетілгендей қойылады.
Мысалы:

Осы уақытта қыз:

— Қоян! Қоян! — деп айғай салды. (С. Ерубает.)

Ербол «Шүкіман» деген атты естігелі: «Бұл — қыздың аты-ау? Әлде осы үйдің бой жетіп қалған қызы да бар болар ма екен?» — деп ойлана түсіп, айналаға анықтап қараған еді. (М. Әуезов.)

Сонан соң Шеген Мирошникке бұрылып:

— Жолдас гвардия капитаны, менің інім сіздің қарамағыңызда екен, — деді. (Ғ. Мүсірепов.)

3. Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде (яғни төл сөз екіге бөлініп тұрғанда), тыныс белгілері былайша қойылады:

а) екіге бөлініп тұрған төл сөз бір ғана сөйлем болса, оның ортасында келген автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады, төл сөздің екінші бөлігі кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы:

— О бір заманда, — деді Сырбай даусын нәштеп, — менің бала жігіт кезімде, Қазалы жақтың бір байы Сыр бойына түгел сауын айтып, арық қаздыруға асар салды. (С. Мұқанов.)

— Өзіңіз айтпақшы, сабыр етіңіз, — деді Мейрам, — бәрі болады, көмектесеміз. (Ғ. Мұстафин.)

— Әне, — деді Мұқал алдын негімен нұс-

қап, — анау көрінген — Дәурен ағай қаққан казық. (З. Қабдолов.)

ә) Төл сөздің алғашқы бөлігі өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады. Мысалы:

— Әкемнің туысы орыс болғанмен, тұрмысы қазақ боп кеткен, — деді Гүлнар. — Сөйлегенде оны қазақтан айырып алмайсыз. (С. Мұқанов.)

— Тігулі еркек көйлегінен он бір мың данасын апармақпыз, — деп, бір серіпті дүкенші. — Кір жуатын сабыннан қанша апаратынымызды айтайын ба, нағашы? (С. Мұқанов.)

— Рақмет құрметіңізге, мен әзірге осы арада қала тұратын адаммын, — деп, Женя күле жауап берді. — Ал, Инеш, қайырлы сапар. (С. Шаймерденов.)

б) Төл сөздің алғашқы жартысы сұраулы, лепті сөйлемдер болса немесе леп белгісі қойылуға тиісті қаратпа, одағайлар болса, автор сөзінен бұрын тиісінше леп не сұрау белгісі мен сызықша қойылады, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады. Мысалы:

«Бұл қалай? — деп ойлады Байжан. — Киім-кешегіне, атына қарасаң, өзбек қызы, кескіні

қазаққа жақындайды... Сөзі де таза қазақша... Әкесінің аты мен фамилиясы орысша!..» (С. Мұқанов.)

— Ол не дегеніңіз! — деді Ардақ. — Ленин келген сенбілікке, көп жұмылған игі іске неге келмейміз. (Ғ. Мұстафин.)

— Шіркін! — деді Сырбай, кеудесін кередем алып. — Сырдың жалаңаш жағасының бәрі осындай жеміс бақшасына айналса!.. (С. Мұқанов.)

— Әттеген-ай! — деп өкінді Қайыркө. — Әлгі екі бөлтіріктен айрылып қалдық-ау. (С. Мұқанов.)

е) Төл сөздің бірінші жартысынан кейін көп нүкте (немесе леп, сұрау белгілері аралас көп нүкте) қойылуға тиісті болса, автор сөзінің алдынан көп нүкте мен сызықша, автор сөзінен кейін үтір мен сызықша (егер төл сөздің алғашқы бөлігі өз алдына сөйлем болмаса) немесе нүкте мен сызықша (егер төл сөздің алғашқы бөлігі өз алдына сөйлем болса) қойылады. Мысалы:

— Ал, Дәулеткереева, сені Солтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылық техникумына белгілеп отырмыз... — деді Бозжанов. — Бір жақсы жері техникум қаланың өзінде емес, облыстың бір ірі колхозды селосында. (С. Шаймерденов.)

— Оқпан?! — деді Байжан жылан шағып алған адамдай үрпиіп қап. — Қайда? (С. Мұқанов.)

— Ендеше... — деп келе жатып Самарқан

аз кідірді де, — әлде жұмыс басына барамысың? (С. Мұқанов.)

4. Автор сөзі төл сөздің ортасында да, соңында да келсе, автор сөзінің алдыңғысына тыныс белгілері 3-пунктте көрсетілгендей (яғни автор сөзінің төл сөздің ортасында келген жағдайындағыдай) қойылады. Ал соңғысының алдынан төл сөзден кейін келген автор сөзіне тиісті (1-пункттегідей) тыныс белгілері қойылады. Мысалы:

Сөйткенше Жәнібек жүргіншіні шырамыта бастап:

— Е, айтпақшы, мынау — әлгі конезаводтың бригадирі Оспанқұл ғой. Бұ не ғып оқыс жүр? — деп, бұрынғысынан да таңдана түсіп. Бұнысы несі? — деп, Бекболға қарай берді. (М. Әуезов.)

— Сіздерге арналып бүгін сойылған қой бұл, — деді Масақбай. — Пісіріп суытып қойған басы да бар, — деп Масақбай шкафтан тарелкеге салынған басты алып берді. (С. Мұқанов.)

§ 88. Төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұратын **де** етістігі кейде түсіріліп беріледі. Ондайда да тыныс белгілері әдеттегідей қойылады, автор сөзі кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы:

— Вегетативтік гибридизацияны алғансың, ә? Тым жақсы болған, — ол езуін жиып, Инешке қулана қарады. (С. Шаймерденов.)

(«Вегетативтік гибридизацияны алғансың, ә? Тым жақсы болған, — деп ол езуін жиып, Инешке қулана қарады» дегенмен салыстырыңыз).

— Женя ... — Мәулен жалына сөйледі, — мен билей білмеймін. (С. Шаймерденов.)
(«Женя ... — деп Мәулен жалына сөйледі» дегенмен салыстырыңыз.)

§ 89. Төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұрған деп етістігінен кейін сөйлеу, ойлау процесіне қатысты етістік (деп сұрады, деп бастады, деп аяқтады, деп сыбырлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп бұйырды, деп өтінді т. б.) келсе, деп-тен кейін үтір қойылмайды, Мысалы:

— Ендеше айтайын, — деп бастады Жүмекең сырын. (Ғ. Мұстафин.)

(Әйел):

— Не істеп жүр олар? — деп сұрады. (С. Мұқанов.)

Байжан:

— Жасасын гүлдер! — деп айғайлап жіберді. (С. Мұқанов.)

Егер деп-тен кейінгі етістік төл сөздің айтылуынан соң болатын істі білдірсе, деп-тен соң үтір қойылады. Мысалы:

— Атқыш болсан, мынамен түсір, жезде, — деп, Дәулет оған қолындағы жалғыз оқты осовиахим мылтығын ұсынды.

— Несі бар түсірсе! — деп, Байжан Дәулет ұсынған мылтықты алды. (С. Мұқанов.)

— Танысыңыз, — деп, Мейрам өлкелік партия комитеті берген қағазды ұсынды. (Ғ. Мұстафин.)

— Рас, көретін сурет екен, — деп, Алмас Мағрипаның төр жағынан кеп, столға еңкейді. (З. Қабдолов.)

§ 90. Төл сөзден кейін десе, дегенмен, дегенде, дегенге, деген соң, дегенше, дегеннен кейін, деді де дәнекерлері келсе, бұлардан соң үтір қойылады. Ал бұлардан кейін келесі төл сөз жалғасып келсе, қос нүкте қойылады. Мысалы:

Шәлтік:

— Оқтаулы ма өзі? — деп, қолымен мылтықтың алқымынан қаға беріп. — Қәпірдің аузын арман қарат! — деді де: — Қарағым Қатпа, маған жаны ашыған екен ғой! — деп мәз болып қалды. (М. Әуезов.)

— Менің баратыным — сол ара! — деді де, Сырбай төмен түсіп кетті. (С. Мұқанов.)

Алмас осы жайын айтып:

— Қырық бесінші жылдың атақты екінші майы күні өзім өлдім, — дегенде, Арғынғазы шықылықтап кеп, шегі қатқанша күлді. (З. Қабдолов.)

Күлтай бұлардың мұнысына ғажаптанып:

— Апырмау, осы үйдің тағы бір адамы бар емес пе еді? — десе:

— Ойбай, атама, ол саған тең емес, онымен күн көре алмайсың, — деп, Абдол без-без етеді. (Б. Майлин.)

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚАБАТТАСА ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 91. Үтір мен сызықша қатар келген жағдайда, алдымен үтір, одан кейін сызықша қойылады.

Замандастары сұраса:

— Реті келмеді, ерік қыздың өзінде екен, әкесі билеп бере алмады, — деп, күңк етеді. (Б. Майлин.)

— Домбырам саған мың жыл ән салсам да тозбайды, — деді. (С. Сейфуллин.)

§ 92. Сөйлеушінің айту екпініне қарай бір сөйлемнің өзі әрі үнді, бұйрықты, әрі сұрақты болып айтыла береді. Мұндай жағдайда сұрақ, леп белгілері қатар қойылады. Мысалы:

— Құдай-ай!.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен?! (Б. Майлин.)

— Бұл не деген сұмдық! Апыр-ау, құдайдан қорқып, аруақтан ұялмағандарың ба?! Өгешеден-бүгеше малай ақысын бермегені үшін мың сом алтын айып тартқан кісі көрдіндер ме?! (С. Мұқанов.)

§ 93. Сұрау белгісі мен көп нүкте (?..), леп белгісі мен көп нүкте (!..) мынадай жерде қатар қойылады: сөйлем сұраулы не лепті болып, ондағы айтылған ой әлде де бітпей қалғанын білдіру үшін осындай сөйлемдерден кейін әуелі сөйлемнің мазмұнына қарай тиісті сұрау белгісі (сөйлем сұраулы болса), не леп

белгісі (сөйлем лепті болса), олардан кейін екі нүкте қойылады. Мысалы:

— Соған мен не көмек, не басшылық еттім?.. — деп, біраз үндемей қалды. (М. Әуезов.)

Бәйбіше басын көтерместен, ернін шүйіріп:

— Болыс біз емес, алымшы старшын біз емес... мазаны алмай жөнінді тап!.. — деді. (М. Әуезов.)

§ 94. Нүкте, үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, сызықша тырнақшаның ішіне қойылмайды. Мұндай тыныс белгілері тырнақшамен қатар келгенде оның соңынан қойылады. Мысалы:

Шиеленіскен тартысқа құрылып, уақиғасы тартымды шыққан, тілі шұрайлы, арқалығы биік біткен пьесалардың бірі — «Түнгі сарын». (Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі.) «... Қазақ қызы Әлия Молдағұлова ерлікпен қаза тапты және «Совет одағының батыры» деген атаққа лайық ерлік жасады», — деп жазды 450-жеке атқыштар бригадасының командирлері. («Жұлдыз» журналынан.)

§ 95. Тек тырнақшаға алынған сөздерге қатысы бар сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте сияқты тыныс белгілері тырнақшаның ішіне қойылады да, егерде тырнақшаның ішіндегі сөздерге емес, жалпы сол сөйлемге қатысты қойылатын болса, мұндай тыныс белгілері тырнақшаның сыртынан қойылады. Мысалы:

Заводтар мен шахтылардың сағат сайын

салған айғайларынан — «тағы да бір сағат өтті, не істедің, жолдас?» — деген Отан сұрауын естігендей боласың. (Ғ. Мүсірепов.)

«Бұлар неге жиналып тұр?» — деген ой келді Асқарға. (С. Мұқанов.) Ішінен: — «Япырмай, тіктесіп алысқан бір кісіге әлі келмеген қорлық екен ғой!» — деді. (С. Сейфуллин.)

Итбай аулының көрінісі кеудесіне найзадай тірелген Асқар атшыға: «Бұрыл!» — деп қала жаздай, аузын жаба қойды. (С. Мұқанов.)

Тоқталды дем,
Қарт еңіреумен
Сүйді ұлының аузынан,
«Ризамын, балам,
Ризамын, балам,
Отан үшін бердің жан...»
(Ә. Тәжібаев.)

Ескерту: 1. Сөйлем тырнақшадағы сөзбен аяқталып, сол тырнақшаның ішінде сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте сияқты тыныс белгілері қойылса, мұндай тыныс белгілері тырнақшаның сыртынан екінші рет қайталанбайды. Мысалы:

«Ендігі ақылшымыз осы», — дегендей, төне қараған көп көздің бұл сұрауына Асқардың берген жауабы — «бері салғанда, Қызылжар мен Омбы ғана, әрі салғанда, Петроград қана бере алады бұл сұраудың жауабын!» (С. Мұқанов.) «Көшедегі күзетшілер қайда? — деп ойлады ол, бірер квартал жүргесін, — күнде бұл кезде көшеде жүруге тиісті еді ғой?» (С. Мұқанов.)

Ертең қайтпек? — Күн батыстан күн шығар,
Есірапілден сұр үріліп, жел шығар.
Тәубе есігі мәңгі бақи жабылып,
Үрген желмен жан-жануар тұншығар...»

(Б. Майлин).

Есіткенде көзім кетті қарайып,
Жалғыз ұлдан тірі не ғып қалайық!
Келін жаным жылап тұрып: «Ене! — деді, —
Бірге өлейін, жүр, балаңа барайық!»
(Б. Майлин.)

Соғыс үні өткен жоқ әлі... Ең көп айтарымыз да, тоздырмай ұстарымыз да сол болсын. Оны да кейінге қалдыра тұрайық. «Бел астындағыға бесіктегі бала да шыдасын!» (Ғ. Мүсірепов:).

Бұл сөзді айтуға бөгет болған себеп екеу: біреуі — «біреуге уәде қылып қойса қайтем?» Екіншісі — «қыздың көңілі менің көңілімнен тұра шыға қоярын кім біледі?» (С. Мұқанов.)

2. Егерде алынған цитаттың басында, не аяғында текстің ыңғайына қарай (төл сөздерге байланысты) екі рет тырнақша қою керек болған жағдайда, мұндай тырнақшалар екі түрлі („”, «») таңбаланады да, қатар қойылады.

§ 96. Жақшаның алдынан (бірінші бөлігінің де, екінші бөлігінің де) үтір, нүктелі үтір, қос нүкте және сызықша қойылмайды, бұл белгілердің бәрі жақшаның соңынан қойылады. Мысалы:

Бұл пьесалардың негізгі тақырыбы 1916 жылғы ұлт-бостандық қозғалысы («Жалбыр»), Октябрь революциясы мен азамат соғысындағы жеңіс («Біздің жігіттер»), ірі байларды конфискациялау негізінде ауыл кедейлерін колхозға ұйымдастыру («Майдан», «Талтаңбайдың тәртібі»), социалистік құрылысқа кеселін тигізген ескіліктің қалдықтарын сынау («Шаншар молда») тәрізді әдебиетіміздің алдына партия қойған міндеттерден туған күрделі мәселелердің төңірегінде өрбиді. (Қ. Жармағамбетов.)

Ел аралап, тігіншілікті кәсіп етіп жүрген

кезінде (ол туралы төменде толық жазылды), Шәйін ағай мен Зылиқа жеңгей танысады да, бірін бірі сүйеді. (С. Мұқанов.)

Капиталистер капиталистердің өкіметін жақтайды (өйткені Уақытша үкімет — капиталистердің үкіметі); олар жұмысшы және солдат депутаттары советімен келісе отырып қимыл жасауға уәде береді. (В. И. Ленин. Шығ., 24 т., 159 бет.)

Ол программада былай делінген (біздікінен де қысқа, біздікінен де көмескі): «Азшының ұлттық правосы айрықша заң бойынша қорғалады, бұл заңды империялық парламент шығаруға тиіс» (Брюнн программасының 4-параграфы). (В. И. Ленин.)

Қазтуғанов Сақтап (Шевченко ауданы, Шевченко атындағы колхоздың балықшысы) — облыстың қарт домбырашыларының бірі. («Қазақ әдебиеті».)

§ 97. Нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі және көп нүкте жақшаға алынған сөздерге қатысты болған жағдайда, жақша ішіндегі сөздерден кейін қойылады; егерде түгел сөйлемге қатысты болса, жақшаның сыртынан қойылады. Мысалы:

Екіншісі — россиялық социал-демократия өзін пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі деп санайды дейді. (Онан соң, екінші абзацта, барлық социал-демократтардың жалпы түпкі мақсаты туралы айтылады.) (В. И. Ленин. Шығ., 26 т., 138 бет.)

Астымда «күлан тұяқ күдай көк» деген атым бар (ол кездегі адам күдайды біле ме?..), сыпыртып келіп қызды іліп алып, артыма мінгестіріп-ақ алдым. (Ғ. Мүсірепов.)

Россия өзінің құтқарушысын мистицизм мен аскетизмнен көріп отырған жоқ... мәдениеттің, ағартушылықтың, адамгершіліктің табыстарынан көріп отыр. Россияға діни үгіт керек емес (оны тыңдай-тыңдай күлағы сарсылған!), дұға керек емес (дұғаны оқи-оқи жағы талған!), ғасырлар бойы халықтың адамгершілік қасиетін, сезімін кір, лас басып келді, ластан тазартып, сезімін оятып, халықтың еңсесін көтеру керек. (В. Г. Белинский.)

Олардың нысанаға байлағаны қалалы жерде оқып білім алған, жұрт алдында беделі де бар Азамат Азаматович болады (оның шын аты — Қожалақ Күркілдеков). (Қ. Жармағамбетов.)

Ескерту. Кейбір жағдайда сөйлемнің ішінде айтылған ойды толықтыру негізінде қосымша түсіндірулер немесе басқа текстен цитат алғанда, сол цитаттың қайдан алынғаны жайында оның авторы немесе кітаптың аты туралы қысқаша мағлұматтар жақшаның ішінде айтылады. Осындай жағдайда нүкте көбінесе жақшадан кейін қойылады. Мысалы:

Қазақ тілінде өздік есімдікке жататын жалғыз ғана сөз бар: ол — өз сөзі. Бұл сөздің түпкі төркіні өзек деген зат есіммен байланысты деген жорамал бар (Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, М.-Л., 1948, 105 б.). (Оқулықтан.)

§ 98. Сөйлем жақшамен бітсе, жақшаның ішіне қойылатын тыныс белгісіне қарамастан,

жақшаның соңынан тұтас сөйлемге тиісті белгі қойылады: Мысалы:

— Мен арыздарыңызды жазуға ерінбес ем, — деді Қенжетай үйіне жиналған көпке, — егер соны тыңдайтын ұлың болса (ол қатты күрсінді). (С. Мұқанов.)

Ақмоланың уездный начальнигімен екеуіміз губернаторды Петропавлға шығарып саламыз мүмкін, Бурабайлатып, Омбыға тура кетуі). (С. Мұқанов.)

Ескерту. Сөйлемнің соңында жақша екі рет қайталанатындай жағдайда әртүрлі таңбаланатын (айшық — (), квадрат — []) екі жақшаны қатар қоюға болады.

М а з м ұ н ы

Алғысөз	3
Нүкте	7
Нүктелі үтір	11
Сұрау белгісі	14
Леп белгісі	16
Көп нүкте	23
Қос нүкте	25
Үтір	28
I. Бірыңғай мүшелердің арасына қойылатын үтір	28
II. Күрделі қос сөздердің арасына қойылатын үтір	34
III. Қайталап келетін сөздердің арасына қойылатын үтір	35
IV. Қаратпа сөздерге қойылатын үтір	35
V. Қыстырма сөздерге қойылатын үтір	38
VI. Одағайларға қойылатын үтір	44
VII. Айқындауыш мүшелерге қойылатын үтір	46
VIII. Құрмалас сөйлемге қойылатын үтір	46
Сызықша	54
I. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша	54
II. Жалпылауыш сөздің алдынан қойылатын сызықша	62
III. Сызықша қойылатын басқа орындар	64
Жақша	66
Тырнақша	69
Төл сөздің тыныс белгісі	75
Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы	83

ПРАВИЛА КАЗАХСКОЙ ПУНКТУАЦИИ

Составители: Р. Сыздыкова и Х. Неталиева.
Под редакцией члена-корр. АН КазССР, проф.
М. Балакаева.

* * *

Сыздыкова Рабиға және Неталиева Қанапия
Қазақ пунктуациясының ережелері. Ред. басқ.
КазССР. Ғылым Акад. корр.-мүшесі проф. М. Балакаев.
Алматы. Қазақ ССР Ғылым Акад. босп., 1961.
91 б. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. Тіл
білімі ин-ты).

Тит. бет. сыртында құраст.. Р: Сыздыкова және
Қ: Неталиева. Перевод загл.: Правила казахской
пунктуации.

* * *

Редактор Айтмухамбетова С.
Худ. редактор Сущих И. Д.
Тех. редактор Гашина Е. А.
Корректор Сулейменова Н.

Сдано в набор 12/IV 1961 г. Подписано к печат-
ти 13/V 1961. Формат 84×108^{1/32}. Физ. л. 5, 75; Ус: п:
л. 4,71. Уч-изд. л. 5. Тираж 5650. УГ 04186. Цена 15 к.

Типография Издательств ваАН КазССР. Алма-Ата. ул.
Шевченко 28. Зак. 49.

Цена 15 коп.